Қазір салық саласының ардагері болып, зейнеткерлікке шығып отырмын. Бәріне көз салып, ойлансам, басымыздан не өтпеді? Қызығы мен шыжығы қатар жүретін біздің саланың атқарар жұмысы ауқымды, әрі қажырлы еңбекті талап етеді. Күнделікті салық төлеушілерден түсіп жатқан сан алуан хаттар мен өтініштер заңмен тікелей байланысты болғандықтан, асқан жауапкершілікпен қарауға тура келеді. Сондықтан арасында семинарларға қатысып, кәсіби шеберлігімді шыңдап жүрдім. Біздің салада онсыз болмайды. Себебі елдің экономикасы тынымсыз өзгерісте, қарқынды даму жолында күнде маңызды жүйелер, функциялар жүзеге асырылып жатады, ізденісті, біліктілікті талап етеді. Әйтсе де, «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, ұйымшылдық танытып, ел қамы үшін тынбай қызмет еттік.

Мемлекеттік кірістер органының қызметкерлері қосқан сүбелі үлестің арқасында Отанымыздың бюджеті толықтырылып, әлеуметтік бағдарламалар іске асырылып, жолдар қалпына келтіріліп, инфрақұрылым мен білім беру ұйымдары дамып, азаматтарға кепілдік пен тегін медициналық көмектер көрсетіліп жатыр. Экономикамыздың қарыштап көтерілуіне септігін тигізетін сіз бен біз білмейтін мол жұмыстар атқарылады. Халыққа мемлекеттік қызмет көрсету арқылы тікелей туындаған мәселелермен бетпе-бет кездесеміз. Қызмет барысында туындаған мәселелерді, халық тарапынан келіп түскен түрлі сұрақтарды дереу қарастыру мен дер уақытта бәрін орын-орнына келтіру аса маңызды. Біздің салада салғырттық танытуға, қызметімізге жауапсыз қарауға болмайды.

Бүгінде өзімнің екінші қара шаңырағымға айналған салық басқармасының ғимаратында комендант болып жұмыс істеймін. Бұрынғыдай

есеп-қисапқа бастан-аяқ араласпаса да, жұмыс ауқымы көп болмаса да, қызметімнің жемісін көріп, елдің алғысына кенеліп, шамам келгенше қол ұшын беремін. Елге еңбегімнің сіңгеніне, маған жүктелген, сеніп тапсырған міндеттерді абыроймен атқара алғанымға қуаныштымын. Өз тарапымнан мемлекеттік кірістер басқармасына маңдай терім сіңді деп ойлаймын. Ел игілігі жолында қызмет еткеніме, үлес қосқанымға, осы жолды таңдағанымға іштей ризамын. Мақтан тұтамын.





МҮСІЛІМОВ ДӘУІРЖАН САБИХАНҰЛЫ

Қызылорда облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер департаменті

Қармақшы ауданы бойынша
Мемлекеттік кірістер басқармасы

Құқықтық жұмыс және өндіріп алу
бөлімнің басшысы

Әр адамның сүйіп істейтін ісі, шұғылданатын кәсібі болады. Ол сол кәсібімен өмір сүріп, терін төгіп, отбасын асырайды. Сол мамандықпен жетіліп, қоғамда белгілі бір орнын қалыптастырып, тұлғаға айналады. Әрине, ісіңді, не кәсібіңді сүйсең, одан шабыт аласың, қызығасың, өзіңнен кейін ісіңді жалғастыратын ізбасарыңды дайындайсың. Бұл – бұлжымас өмір заңы. Мен өзім сүйіп қызмет етіп отырған мамандығыма қалай келдім? Бұл мамандық маған несімен ұнайды?

Адам өзінің болашақ кәсіби мамандығына әр түрлі жолдармен келеді. Өзгелер үшін ол ойға алған арманның орындалуы, отбасы дәстүрін жалғастыру болса, келесі біреулер үшін – жаңалыққа, дербестікке талпыныс, үшінші біреулер үшін әйтеуір бір мамандық алу керек болған.

Жақсы мамандықты таңдау үшін адам ең алдымен өзін, өз бейімдігін тануы қажет. Мынау көп салалы өмірде мамандықтың түрі көп. Әрине, таңдау жасау оңайға соқпайтыны анық. Ең бастысы адам еңбекке қабілетті, таңдаған мамандығына жоғары қызығушылықпен, жауапкершілікпен бір зейінді болу қажет.

Қазіргі уақытта мемлекеттік қызметкер халықпен бір арнада

тоғысып, ортақ мүдде жолында бірлесіп, өңіріміздің экономикасын одан әрі дамыту үшін игі бастамаларды жүзеге асыру мақсатында аянабай, бар күш-жігерімен қызмет атқарып, үздік кәсіби білімі бар озық тәжірибелі маман болуы керек.

Салық органының қызметкері болу – зор құрмет. Сондықтан кәсібилікпен бірге жоғары адамгершілік қасиеттерге де ие болған абзал. Мемлекеттік қызметкер қашан да өзінің адал еңбегімен, ар тазалығымен, ұстанымымен, байсалды мінезімен ерекшеленуі тиіс.

Алаш ардақтысы Әлихан Бөкейхановтың «Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден» деген мазмұны терең сөзі қанша заман өтсе де өзектілігін жоймайды.

Осы орайда салық органының қызметкері әділдіктің, қарапайымдылықтың үлгісі болып, кез келген лауазымда халықтың, ел азаматтарының сенімін жоғалтпай, мемлекеттік қызметтің оң имиджіне ұсынылатын негізгі қағидаларын сақтауы қажет деп санаймын.

Мемлекет қаржысын жұмылдыруда бірімен-бірі өзара тығыз екі үдерісті, яғни мемлекеттік құрылымдардың қарамағына қаржылық ресурстарды жұмылдыру және қаражатты мемлекеттің әр түрлі қызметтеріне пайдалану жұмыстарының бірге жүзеге асып жататыны белгілі. Ол мемлекеттің кірістері ұғымында мемлекеттің шығыстарынан көрінеді. Ел экономикасын қаржыландыру ісі, ауданның ішкі және сыртқы кірістері, оның тиісінше атқарылу жұмыстары – біздің көз алдымызда күн сайын өтіп жатқан процесс.

Қызығы мен қиындығы қатар жүретін осынау күрделі әрі жауапкершілігі жоғары істі атқарып жүргенімді өзіме мақтаныш тұтамын. Экономикалық қатынастар жүйесін дұрыс реттеп отыру – бүгінгі күн талаптарының бастысы әрі бірегейі.

Халқымызда «Есепсіз дүние бос», «Есеп білген ұтылмас» деген аталы сөздің негізі де осында болса керек.

«Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ оның кез келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе», – дейді Алаш қайраткері Жүсіпбек Аймауытов.

Сыр өңірі талай нар тұлғалы азаматтарды шығарған киелі мекен. Сол марғасқа қызметкерлердің ішінде салық саласында еңбек етіп, аймақ экономикасы мен салық мәдениетінің дамуына өзіндік үлес қосқан азаматтар аз емес.

Теңізге құйған тамшыдай болса да, сол ағаларымызға ұқсап ел дамуы үшін сүбелі үлесімді қосып, халыққа адал қызмет етуді өмірлік ұстанымыма айналдырып келемін.

Сүйікті кәсібінде мықты адамның өмірлік мақсаттары мен іс-әрекеттері нақтылана түседі. Кәсібің – бақыттың шырағы, еңбегің – ырыстың бұлағы. Өз кәсібіме адал болуды мақсат тұтқан мен де еліме, жеріме қызмет жолында шаршамаймын.





ТӨЛЕГЕНОВА ТҰРСЫНКҰЛ АДАЙБЕКҚЫЗЫ

Қызылорда облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер департаменті

Сырдария ауданы бойынша
Мемлекеттік кірістер
басқармасының
іс жүргізушісі

Мемлекеттің ең басты да негізгі құндылығы – халық. Ал халықтың тұрмыс-тіршілігі, дамуы мен өркендеуі – елдің тұрақтылығына тікелей байланысты. Тұрақты ел болу дегеніміз тек бір ғана мақсат-мүддеге негізделмейді. Ол үшін заң да, тәртіп те, білім де, адалдық та қажет. Осы ретте мемлекеттік саясаттың басым бағыты – елдің әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси дамуын қамтамасыз ету екені белгілі. Ол үшін бізге салықтық базаның нығайғаны ауадай қажет.

Салық саясаты туралы айтқанда Мемлекеттік кірістер жүйесінің тарихына тоқталмау мүмкін емес. Негізі 1991 жылға дейін елімізде көбінесе экономиканы басқарудың әміршіл-әкімшіл жүйесіне, бағаларға қатаң, мемлекеттік реттеуге сәйкес келетін салық жүйесі қызмет етті. Бюджеттің басты кіріс көздерінің бірі болған айналым салығы тіркелген бөлшек сауда және көтерме сатып алу бағаларын қолдануға және мемлекетті реттеп отыруға бағытталды.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін республикада жаңа салық жүйесі қалыптасты. Атап айтқанда, 1991 жылы желтоқсанның 25-інен бастап біздің елімізде жаңа салық жүйесі жұмыс істей бастады. Ол «Қазақстан

Республикасындағы салық жүйесі туралы» заңға негізделді. Бұл заң салық жүйесін құрудың қағидаттарын, салықтар мен алымдардың түрлерін, олардың бюджетке түсу тәртібі белгіленген алғашқы құжат еді.

Осы заңға сәйкес Қазақстанда 1992 жылы қаңтардың 1-нен бастап 13 жалпы мемлекеттік салық, 18 жергілікті салықтар мен алымдар енгізілді. Қазақстан Республикасының Үкіметі 1995 жылдың басында салық реформасының ұзақ мерзімді тұжырымдамасын қабылдап, онда еліміздің салық жүйесі мен салық заңнамасын бірте-бірте халықаралық салық қағидаттарына сәйкестендіру көзделді.

Осыған байланысты «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 1995 жылғы сәуірдің 24-інде Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қабылданды.

Елімізде Мемлекеттік кірістер органдары қызметкерлерінің кәсіптік мерекесі 14 тамызда атап өтіледі. Себебі 2014 жылы дәл осы күні салық, кеден комитеттері қаржы полициясымен біріктіріліп, Мемлекеттік кірістер комитеті болып құрылды.

Мен Сырдария ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасында іс жүргізуші маманы болып қызмет етемін. Бала күнімнен осындай мекемеде жауапты қызмет атқаруды армандаған едім. Іргелі ұжымда жұмыс істеу ерекше жауапкершілікті талап етеді. Өйткені салық қызметкерлерінің басты міндеттерінің бірі – төлемдер мен түсімдерді уақытылы орындау. Осы жылдар аралығында ұжымдағы өте білімді, білікті аға буын өкілдері, өз жұмысының майталман мамандарынан жас маман ретінде еліміздің игілігі үшін адал қызмет етуді үйреніп келемін.

Халқымызда «Арман адамға қанат бітіреді» деген қанатты сөз бар. Мен бала күнімнен Мемлекеттік кірістер саласында жұмыс істеуді армандадым. Қазір бұл арманымға қол жеткіздім. Биыл құрылғанына 10 жыл толатын мемлекеттік кірістер органының менің жеке өмірімде алатын орны ерекше.



ЕРЕЖЕПОВА ТОЛҚЫН НҰРТАЙҚЫЗЫ

Абай облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер департаменті

Аягөз ауданы бойынша
Мемлекеттік кірістер басқармасы

Салықтық әкімшілендіру және
өндіріп алу бөлімінің бастығы

Мемлекеттік кірістер басқармасына 2006 жылы келдім. Ол кез бен қазіргі уақыт аралығы көптеген өзгерістер бар. Мемлекеттік кірістер басқармасының реформалары мен нәтижелерін, талаптары мен бағыт-бағдарларын, жоспарларын орындап, бюджетке, Қазақстан Республикасының экономикасының дамуына үлесімізді қосып келеміз.

Маман еңбекке қабілетті, зейінді, ойлы болуы қажет. Менің таңдаған мамандығым қандай деген сұрақ әрбір адамға тән. Мамандығым өзіме ұнайды. Мамандық таңдау – тағдырыңды таңдау деген сөз. Сондықтан оны дұрыс таңдай білу қажет.

Кірістер комитеті – мемлекеттегі қаржылық жүйелерді, құрылымды реттеуші, қаржылық құрылымды басқарушы органдардың бірі. Аймақтық, республикалық қаржылық шараларды реттеу, олардың тиімділігін қамтамасыз ету осы мекеменің басты назарында.

Мемлекеттік кірістер органдарының басты міндеті – көрсетілетін қызметтердің сапасын жоғары деңгейге көтеру және салық төлеушілерге қолайлы жағдай туғызу. Осы мақсатта 90 пайыздан астам салық төлеушінің Мемлекеттік кірістер органдарымен құжаттар алмасуы электронды жүйеге ауыстырылды. Нәтижесінде салық төлеушілер өз

кеңселерінен немесе үйлерінен шықпай-ақ, салық есептерін жібере алады, дербес есептерін қарайды, мемлекеттік кіріс органдарынан жолданған хабарламаларды алып таныса алады. Ол аймақтық Мемлекеттік кіріс басқармасында кезек болдырмауға ықпал етеді.

Жыл сайын электронды түрде көрсетілген мемлекеттік қызметтер түрі артып келеді. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің көбісі автоматтандырылған. Яғни «Электронды үкімет» (www.e.gov.kz) және ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитеті ведомстволық порталдары арқылы жұмыс жүргізіледі. Аудандар бойынша мемлекеттік кірістер басқармаларының селолық округтерінде орналасқан «Салық төлеушілер терминалы» арқылы төлеушілердің салық есептерін тапсыруға мүмкіндіктері жасалған.

Мемлекеттік кірістер органдары бұдан былай кәсіпкерлерден тек салықтар мен кеден төлемдерін алып қана қоймай, салықты жеңіл әрі қолайлы жолмен төлеу тәсілдерін қолданып, сәтті әрі табысты бизнес-орта құруға себепкер болмақ. Мұнымен қатар, кәсіпкер ашық және әділ жұмыс істеуге тырысқан кезде өз құқықтарының толық қорғалатынына сенімді болуы тиіс. Соған жағдай жасау көзделіп отыр.

Салық төлеушілер мен сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар арасында тәуелсіз талдау жүргізіліп, оның нәтижесімен аудит ісі қолға алынуы керек. Бірінші кезекте, салықтар мен кеден төлемдерін ерікті түрде төлеу деңгейін арттыруды көздеуіміз қажет. Салық органдары жеке кәсіпкерлерден, нотариустерден, жеке сот орындаушыларынан, адвокаттардан, кәсіби медиаторлардан және заңды тұлғалардан салық міндеттемесін толық орындауды талап етуге міндетті. Орындамаған не тиісті дәрежеде орындалмаған салық міндеттемесін қадағалау тәсілдері мен салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолданады.

Экономикалық даму мен қаржылық сауаттылықты арттыру – кезек күттірмейтін мәселе. Мектеп қабырғасынан бастап осы білімді жетілдіруіміз керек. Отбасындағы қаржылық сауаттылықтан бастау алатын білім мен білік дағдылары кейін де қажетке жарайды. Сондықтан да мектепте «Қаржылық сауаттылық» пәнін дамыта түсу керек деген ойдамын. Қазақстан Республикасының экономикасын дамытуға және еліміздің өркендеуіне атсалысу әрбір Қазақстан Республикасының азаматының борышы.



ӘБІТАЙ МАҒЖАН СӘКЕНҰЛЫ

Жамбыл облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер департаменті

Ақпараттық технологиялар
басқармасының бас маманы

Кәсіби жолымның басынан-ақ мені қаржы секторы мен күрделі салық мәселелері қызықтырды. Математика мен аналитика ғана емес, сонымен қатар салық саясатының экономикалық процестерге және жалпы қоғамға әсері туралы көп ақпарат жиып, оны мемлекеттік салық жүйесін дамыту жолында кәдеге жаратқым келді. Сондықтан мемлекеттік қызметте салық саласын таңдау мен үшін заңды қадам болды.

Ақпараттық технологиялар басқармасының жұмыстарымен шектелмей, өзімнің бұрыннан жинаған мобилограф және SMM менеджері сияқты қабілеттерімді көрсете білдім. Осылайша мені «Түсіндіру жұмыстары және Байланыс орталығы» басқармасына мобилограф және SMM менеджері ретінде ауыстырды. Бұл маған тек техникалық дағдыларды ғана емес, сонымен қатар шығармашылық қабілетімді дамытуға, өзіме ұнайтын жұмыспен айналысуға, кірістер органдарының имиджін көтеру мақсатындағы салық стратегияларын, жаңа идеяларды іске асыруға коммуникациялық және аналитикалық қабілеттерді дамытуға мүмкіндік берді.

Болашақта біз ұжым болып басқарманың жұмысын жақсарту және жалпы мемлекеттік кірістер органдарының имиджін көтеру мақсатында жасанды интеллект пен дауыс технологияларын қолдануды іске асырғымыз келеді. Осы мақсатымызды іске асыруға көмектесетін курстар оқып, біліктілігімізді арттырып, сауатты мамандар жинасақ дейміз. Сондай-ақ салық мамандығының болашағына әсер етуі мүмкін жаңа технологиялар мен тәжірибелер туралы білгіміз келеді. Болашақта салық саласында бірқатар өзгерістер болуы мүмкін. Олардың бірі – салық салу процестерін одан әрі автоматтандыру. Блокчейн және жасанды интеллект сияқты жаңа технологияларды енгізу салықтық ақпаратты жинау және өңдеу тәсілін өзгертуге, сондай-ақ оның дұрыстығын бақылауды күшейтуге, мамандардың жетіспеушілігін, жұмыс тиімділігін арттыруға, сыбайлас жемқорлықты азайтуға, адами қателіктерді азайтуға, адами шектеулерден туындаған сәтсіздіктер санын азайтуға көмектеседі. Мамандардың жұмыс сапасын арттырады, оларға неғұрлым мақсатты жұмыстарды атқаруға және негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Осы саладағы жұмысымыз еліміздің экономикасының дамуына үлес қосып, әрі қарай біздің жан-жақты кәсіби біліктілігімізді арттырып, дамуымызға мүмкіндік беретініне сенімдімін!



АРЫСТАНОВА НҰРГҰЛ ЕРМЕКҚЫЗЫ

Батыс Қазақстан облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер департаменті

Орал қаласы бойынша Мемлекеттік
кірістер басқармасы

Өндірістік емес төлемдерді
әкімшілендіру бөлімінің бас маманы

Салық саласының басты мақсаты – республикалық және жергілікті бюджет есебін толтыру. Жиналған қаражаттан мектептер, балабақшалар, емханалар және басқа да әлеуметтік құрылымдар салынады. Сол себепті мен салық маманы болуды таңдадым және осы таңдауымды мақтан тұтамын.

Ақпараттың үлкен көлемін білу, талдау жасау, рейдтік іс-шараларға шығу, салық заңдарының сақталуын бақылау және борышкерлермен жұмыс істеу, сондай-ақ салық төлеушілердің мемлекеттік бюджет есебіне түсетін түсімдердің уақытылы және толық түсуін қадағалау – салық қызметкерлерінің міндеті.

Салық мамандарына салықтық шеңбердегі ғана заңнамаларды емес, сондай-ақ азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және басқа да көптеген құқық салаларын білу қажет. Білім деңгейін үнемі жетілдіру, заңнамадағы өзгерістерді қадағалау әрбір маманға үлкен тәжірибе береді.

Басқа салаларымен салыстырғанда салық және кеден заңнамасының ауқымы кең, сол себепті кірістер органдарының мамандары әкімшілендіру барысында сауда, өндіріс, құрылыс, банк және т.б. әртүрлі салаларды жетік білуі міндетті және де салық маманының негізгі

мақсаты – мемлекет мүддесін қорғаумен қатар салық төлеушілердің құқықтарын құрметтеу болып табылады.

Салық төлеу – мемлекетіміздің конституциясында бекітілген азаматтық борыш. Мемлекеттің бюджеті салықтар мен алымдардан қалыптастырылады. Бюджеттің қаржысы ел экономикасының дамуына, халықтың материалдық әл-ауқатын, әлеуметтік жағдайын, мәдени деңгейін көтеруге және басқа да мақсаттарға қолданылады. Салықтардың толық және уақытылы төленуі мемлекеттің экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етеді және әр азамат осыны мемлекеттің дамуы үшін қажет екенін саналы түрде түсінуі қажет.

Қазіргі күні жаңа салық есептемесінің тәсілі бұрынғы жүйеден әлдеқайда тиімді. Салық төлеушілерге заман талабына сай салық есептерін, сондай-ақ салық төлемдерін үйден немесе жұмыс орындарынан, мобильді қосымшалар арқылы жүзеге асыруға болады. Бұл еліміздегі салық міндеттемелерін орындауға салық төлеушілерге арналған ыңғайлы және жеңіл жолдарының бірі.

Барлық ұйымдар мен азаматтар белгіленген салықтар мен төлемдерді өз еркімен уақытылы төлеп, мемлекеттің бюджет кірісін ұлғайтса, мемлекет бюджетінен әртүрлі әлеуметтік жобаларды қаржыландыруға болады, яғни жиналған қаражат халыққа қоғамдық өнім түрінде қайтарылады, инфрақұрылым дамиды, әлеуметтік тұрғын үйлер салынады, студенттер бюджеттік орындармен қамтамасыз етіледі, бұның барлығы бюджеттен қаржыландырылады және уақытылы жиналған салықтың арқасында ғана мүмкін болады.

Сондықтан салықтар мен басқа да міндетті төлемдер уақытылы және толық төленуі керек! Ал салық түсімдерін қадағалайтын – салық мамандары.

«Шабытыңды шарықтат, сонда ғалам сен үшін бұрын қамал тұрған жерлерден жол ашады» деп атақты ағылшын ойшылы Джозеф Кэмпбэлл айтқандай, адамның шын жүрегімен қалаған, талпынған ойы міндетті түрде жүзеге асады. Алға қойған мақсаттарым үшін еңбек етсем, сол мақсаттарымның болашақта елімнің дамуына, көркеюіне үлесі тиері анық. Отаным үшін еңбек жолындағы кәсібімді дұрыс таңдағаным ма сенімдімін!



ИСАБАЙ ЕРЛАН АСҚАРҰЛЫ

Мемлекеттік кірістер комитетінің
Орталық кеден зертханасы

Менеджмент жүйесі және талдау
жұмысы бөлімінің басшысы

Қазіргі уақытта өз еліме барлық күш-жігерімді салып қызмет етемін деген әрбір адамға мүмкіндік мол.

Еліміздің өркендеуіне және дамуына мемлекеттік қызметшілердің білімі мен біліктілігіне қоса отанына деген сүйіспеншілігі мен жанашырлығының болуының рөлі үлкен.

Әлихан Бөкейхановтың «Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден» деген мазмұны терең сөзі, қанша заман өтсе де, әлі де өзекті.

Мемлекеттік қызметшілердің негізгі миссиясы – елге адал қызмет ету, сондай-ақ олар әділдік, жауапкершілік, парасаттылық, кәсіби білімді тәжірибеде қолдану және белсенді өмірлік ұстаным сынды қасиеттерді бойына сіңіруі қажет.

Қызметімді айтатын болсам, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Орталық кеден зертханасында Менеджмент жүйесі және талдау бөлімінде еңбек етудемін.

Жұмысымның негізгі бағыты сынақ зертханаларында жоспарлы бағалауды өткізу болып табылады.

Бұл ретте, қызметте жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен

орындап, зертханалардың сапа менеджерлерін жоспарлы бағалауға дайындауға күш-жігерімді салып, жалпы біліктілігімді арыттыру.

Сондай-ақ негізгі мақсатым мемлекеттік кірістер органының қызметкері ретінде жалпы мемлекеттік қызметтің имиджін көтеру, мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігін ғана емес, олардың әдепке негізделген бейнесін қалыптастыру еді.

Сол себепті Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің «Үздік мемлекеттік қызметші» байқауында білікті маман ретінде танылып, сыпайы және салмақты мінезді, өзінің жоғары біліктілігімен, ұтқыр іскерлігімен, өз жұмысына адалдығымен, мемлекеттік қызметтің беделін нығайтуға атсалысқаны үшін деп, Қазақстан Республикасының «Үздік мемлекеттік қызметші» төсбелгісі берілген болатын.

Осы Мемлекеттік кірістер органының қызметкерлерін жалпы еліміздегі барлық мемлекеттік қызметкерлер арасында ең үздік маман ретінде таныту мен үшін үлкен мәртебе және маған артқан сенімді ақтау болды.



АСАНОВ САМФАТ ҚАЙРАТҰЛЫ

Жетісу облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер департаменті
«Теміржол» кеден бекетінің
жетекші маманы

Құтты болсын 10 жылдық мерекеміз,
Әрдайым арта берсін берекеміз.
Еңбекпенен қаласақ ел іргесін,
Мықты болар байтақ елдің керегесі.

10 жылдық құтты болсын әріптестер,
Күшіміз ортаймасын қызмет істер.
Елімнің болашағы жарқын болғай,
Жасай берсін мемлекеттік кірістер!

10 жылда талай белес бағындырдық,
Салық, кеден заңдарын жетілдірдік.
Елінің ертеңіне сенген жандар,
Күшімізді бір білекке жұмылдырдық.

Мақтанар жетістіктер болсын бізде,
Осы жолда тайсалмай күндіз-түнде.
Төгілген тер мен күшті бағалайтын,
Алғысқа бөленейік біз бен сізде!



ҚАУЫНОВА ДИНА НАЙМАНБАЙҚЫЗЫ

Ұлытау облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер комитеті

Жезқазған қаласы бойынша
Мемлекеттік кірістер басқармасы

Салық төлеушілермен жұмыс
бөлімінің жетекші маманы

Мамандық таңдау – тағдырыңды таңдау деген сөз, болашаққа жауапты және саналы қадам жасау.

Сан-түрлі мамандықтар бар, олардың әрқайсысы еліміздің экономикасындағы әр саланың дамуына өз үлесін қосушы және қалаушысы іспеттес.

Менің таңдауым – халыққа қызмет ету. Өз кезегінде бұл кәсіби білімді, шыдамдылықты, адалдықты және ең бастысы, адамгершілікті талап етеді.

Еліміздің дамуы, өркендеп гүлденуі, еліміздің игілігі үшін адал қызмет ететін және мемлекеттің мүддесін қорғайтын азаматтарына тікелей байланысты.

Осыған орай кәсіпті таңдау барысында кез келген адам өзінің жүрек қалауына сүйенуі тиіс, себебі қаламай таңдаған мамандық бойынша қызмет жасау – тал өсіремін деп, құр топырақты суарғанмен тең.

Мен үшін мемлекеттік кірістер органында жұмыс атқару – халық, мемлекет және қоғам тарапынан көрсетілген ерекше сенімді қызметімізде абыроймен адал орындау.

Жалпы қызметімнің басым бөлігі тікелей салық төлеушілермен жұмыс істеуге бағытталған, оларға ақпарат беру және келіп түскен хаттармен өтініштерді қарау.

Өз кезегінде, салық төлеуші – халық, ал халық – сын айтушы қоғам. Сондықтан мен және кірістер органының әрбір маманы мәдениетті қарым-қатынас жүргізіп, этикалық нормаларды ұстанып, қарапайымдылық танытып қызмет етеміз.

Біздің ұжымда жас мөлшері, еңбек өтілі әртүрлі мамандар қызмет атқарады, қазіргі таңда мен тәжірибемді осы ұжымымның арқасында шыңдап, жетілдірудемін.

Абай атамыздың «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға» деген өлең жолдары жақсы айтылған, бұл ретте жұмысымызды адал атқарып, өміріміздің бір кірпішін дұрыс қаласақ, жемісін көретініміз анық.

Еліміздің экономикасына өз үлесімді қосуға мүмкіндік берген қызметіммен мақтанамын.

Мен үшін қызметімде адал тер төгіп еңбек ету – «Шабытыңды шарықтат, сонда ғалам сен үшін бұрын қамал тұрған жерлерден жол ашады» дегендей, елімнің болашағы үшін қызмет ету деген сөз.



СПАНОВА ЗҮЛФИРА ҚИНАЯТҚЫЗЫ

Астана қаласы бойынша
Мемлекеттік кірістер департаменті
Персоналмен жұмыс істеу
бөлімінің жетекшісі

Биыл 2024 жылы ақпан айында мемлекеттік кірістер органдарында қызмет атқарғаныма 25 жыл толды.

Еліміздің игілігіне қызмет ету – мен үшін үлкен мәртебе. Қызмет барысында шыңдалдым, үйрендім және кәсіби өстім. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, жүктелген міндеттерді жүзеге асыру, мақсатқа жету, ешкімнің ала жібін аттамау сияқты құндылықтарды бойыма сіңірдім.

Кешегі жас маман бүгін білікті, салмақты маман иесі болдық.

Әр маманның еңбегі әрқашан бағаланып, марапатталып отырады, және өнерлі қызметкерлердің шығармашылығына қолдау көрсетіледі.

Қазақ пен домбыра – егіз ұым. Күмбірлеген домбыраның үні батырларымызға рух, ақындарымызға шабыт берген.

«Домбыра әрбір қазақтың рухын көкке көтеретін құнды қазынамыз болуға тиіс», – деген Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзін басшылыққа алып, Департаментіміздің басшысы Ш.А.Әнуарбеков департамент қызметкерлері арасында домбыра үйірмесін ашты.

Қазіргі кезде Заң басқармасының басшысы Г.Т.Бикадамова, бас

маманы С.Омарова, Камералдық бақылау басқармасының бөлім басшысы Р.Қайдаров, бас маманы Ж.Амангелді, Аудит бөлімінің бас маманы Д.Махмет, Әуежай кеден бекетінің бас мамандары Д.Нұрмағамбетова, Ж.Альмусина Ж.Сұрағанова, аудан бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының бөлім басшылары Ж. Жағабаева, Е.Смайылов қызметкерлерінен құралған домбыра ансамблі, Шолпан Қасымбекқызының басшылығымен ұлттық рухымызды көтеретін халқымыздың таңғажайып «Адай», «Тепеңкөк», «Әлқисса», «Би» және басқа да күй туындыларын орындайды.

Міне, осылай мемлекеттік кірістер органының қызметкерлеріне қызмет пен бірге өнерді де қатар алып жүруге барлық жағдай жасалғанын мақтанышпен айтамын.





БИСҰЛТАНОВ БАЙНАЗАР

Шымкент қаласы бойынша
Мемлекеттік кірістер
департаментінің ардагері

1993 жылдың қарашасында ұлттық теңге айналымға түсті. Бұл еліміз үшін үлкен саяси, экономикалық тұрғыдан да күрделі шешім еді.

Сонымен қатар еліміз бойынша екінші деңгейлі банктер және қаржылық ұйымдар ашыла бастады.

Материалдық жағдайын тез түзетпек ниеттегі азаматтарымыз жаппай несие алып, кәсіпкерлікке бет бұра бастады.

Алайда төл ақшамыздың айналымға енуі қордаланған барлық проблеманы тез арада шеше алмады. Керісінше, салық саласында жаңа проблемалар туындап, өндіріс орындары жаппай банкротқа душар болып, мекемелердің өзара кредиторлық қарызы 1996 жылдың басында Оңтүстік Қазақстанның өзінде еселеніп, ал оның ішінде салық алдындағы берешек қарызы арта бастады.

Республикалық деңгейде «Проблеманы қалай шешеміз?» деген сауал тұрды.

1996 жылдың басында Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша салық қызметінің басшысына жоғарыда аталған проблеманы қандай жолмен шешуге болатыны туралы ұсыныспен шыққан едім.

Қордалана бастаған салықтық қарыздарды өндіру механизмін қарастыра отырып, салықтық қарыздарды өндіру бойынша күнделікті жұмыс істейтін жаңа бөлім ашу керегін дәлелдеп, республиканың Бас салық басқармасына ұсыныс жібергенбіз.

Берешек қарыздарды өндіру механизмі туралы ұсыныс қолдау тапты.

Республика көлеміндегі алғашқы экспериментальді салықты өндіру бөлімдері 1996 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында ашылса, келесі 1997 жылы Республика көлеміндегі барлық салық басқармаларында ашылып, бүгінгі таңда саланың негізгі бөлімінің біріне айналды.

Осы салықты мәжбүрлеп өндіру бөлімінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша басшысы болу өзіме жүктелді.

Қазіргі уақытта салықтық қарыздарды өндіру механизмдері жетілдіріліп келеді, ал өз кезегінде 1996 жылғы ұсыныстың қаншалықты өміршеңдігін өмірдің өзі дәлелдеді.

Сонымен қатар қызметімде құқық қорғау органдары және қауіпсіздік комитеті қызметкерлерімен өзара іс-қимыл шаралары аясында жиі-жиі бірлескен ауқымды жұмыстар атқарылды, бірақ бұл өз алдына бөлек әңгіме...



ӘЛІШЕВ ӘДІЛБЕК ӘЛІМҰЛЫ

«Салық қызметі органдарының ардагерлері» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Жамбыл облысы бойынша филиалының директоры

Отбасынан бастап, мемлекеттік деңгейге дейін кіріс-шығыстың есебі болғаны дұрыс. Олай болмаған жағдайда экономикалық құлдырау орын алатыны сөзсіз. Оған еш дәлелдің қажеті жоқ.

«Теңге тиыннан құралады» деген бар. Бұл – үнемдеуге, ысырап-қорлыққа жол бермеуге қатысты айтылған қағида. Сондықтан салық қызметінің орны бөлек. Салық саясаты дұрыс жолға қойылғанда ғана экономикалық дамуды еселеп, табыстан тау тұрғызуға болады. Халық қаржысын көздің қарашығындай сақтауға тырысу керек. Бұл орайда қаржылық сауаттылық өте маңызды. Арнайы білімі жоқтың қанша ниеті адал, тілегі түзу болғанымен жақсы нәтижелерге қол жеткізе қоюы қиын.

Экономиканы дамытуда есеп-қисап мамандарын дайындаудың маңызы зор. Оған еліміздегі қаржы, оның ішінде салық қызметінің бүгінгі жағдайы дәлел. Оны өз қызметімнен көрдім, бастан кешірдім. Сондықтан мен жүрек қалауымен таңдаған мамандығымды мақтан етемін.

Заманында Қазақстан бойынша қаржы саласының мамандарын дайындайтын бірден-бір жоғары оқу орны Алматы Халық шаруашылығы институтын бітіріп шыққаннан кейін туған жеріме туымды тігу

мақсатымен Әулиеата топырағына оралдым. Содан бергі өмірім осы өңірде өтті. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де саладан алыс кетпей, облыстық кірістер департаменті ардагерлер ұйымына жетекшілік етіп келемін. Қоғамдық жұмысымның төрешісі – халық.

Менмендік пен өзімбілермендік жақсыны да, жаманды да жарға соқтырады. Мақтанғаным емес, маған ондай мінез жат.

Менің қызметтік жолымның қалыптасып, үлкен даңғылға айналуында аға буыннан алған тәлім-тәрбиенің орны бөлек. Мен қызметке кіріскенде облыстық қаржы басқармасы мемлекеттік кірістер бөлімінің бастығы болған Әбдікәрім Айманов – менің осы саладағы алғашқы ұстазым. Одан кейін Зауыт аудандық қаржы бөлімінің меңгерушісі Лидия Никитична Комиссаренкодан, салық инспекциясы қаржы бөлімінен бөлініп шыққандағы алғашқы бастық Құрманәлі Бекмұрзаевтан, облыстық салық комитеті бастығының орынбасары Сайдалы Жайлауовтан үйренгенім де көп. Солардан үйрене жүріп, кейінгілерге үйретуден де аянған жоқпын.

Нарықтық экономикаға көшкеннен кейін салық саласында көптеген өзгерістер болып, оның жаңадан қолданысқа енген түрлерін аудандар мен ауылдық округтерді аралап жүріп түсіндірген кездер естен кетер емес. Ондайда тырнақ астынан кір іздеп, кемшіліктерді бетке басқаннан гөрі жас мамандарға салық заңдылықтарын жете түсіндіріп, үйреткен пайдалы. Сонда ғана жұмыс жемісті болады.

Облыстық қаржы басқармасы кірістер бөлімінің тексеруші аға инспекторлығынан бастап, Зауыт аудандық қаржы бөлімі бастығының орынбасары, кейін аудандық мемлекеттік салық инспекциясының бастығы, Тараз қаласы бойынша салық комитетінің бастығы, облыстық салық комитетінің, кейін облыстық мемлекеттік кірістер департаментінің басқарма басшысына дейінгі лауазымдық қызмет сатысында салық саласының үлкен мектебінен өттім. Мемлекеттің бюджет қоржынын толтыруға өзіндік үлес қосқаным – мен үшін мақтаныш. Осы арқылы халқыма қызмет еттім. Еңбегім жеміссіз емес. Сала бойынша республикалық, облыстық, аудандық деңгейде бірқатар марапаттарға ие болдым.

Салыққа қызмет – халыққа қызмет. Жоспарлы экономика кезінде де

салық төлемегені үшін тиісті жазасын алып жататын. Бірақ дүние-мүліктің бәрі мемлекеттік меншік санатында болған соң, салықтың уақытылы төленбегені үшін шаруашылықтың немесе өнеркәсіп орнының банкротқа ұшырағанын естіген ешкім жоқ. Әйтеуір, уралаған ұранмен жоспар орындалып жататын. Жеке меншіктің үлесінде дүние-мүлік, онда да мал ғана, шектеулі. Сондықтан оған салынатын салық мөлшері көзге көрінбейтін.

Еліміз нарықтық экономикаға көшіп, агроқұрылымдар мен кәсіпорындар жекешелендіріліп, шағын және орта бизнесті дамытуға жол ашылып, адамдар кәсіпкерлікпен айналыса бастағаннан кейін ел мемлекеттік бюджеттің негізгі кіріс көзі салық екенін біле бастады. Дегенмен бұл ретте салық саясатын жүйелі жүзеге асыру үшін қаржылық сауаттылық өте-мөте қажет болды. Міне, салық органдары жұмысының маңыздылығына мән беру керектігі осында.

Өндірілген өнім, атқарылған жұмыс, жасалған сауда, бәрі-бәрі үшін салық төлеу міндеттілігін жекелеген адамдар түсіне алған жоқ. Сондықтан, кейбіреулердің іс-әрекетіндегі кемшіліктерге түсіністікпен қарап, олармен түсінік жұмыстарын жүргізу үшін салықшыларға барлық құрылымдарды аралауға тура келді. Мақсат – салықты толық игеріп, мемлекеттің бюджет қоржынын толтыру.

Бес саусақ бірдей емес, өтірік білмегенсіп, өндірілген өнім мөлшерін кемітіп көрсетіп, салықтан жалтарғысы келгендер қаншама?! Біз солармен күрестік. Жасырылған немесе кем көрсетілген өнім үшін салық өндірдік.

Елімізде сыбайлас жемқорлық індеті жайлағаны жасырын емес. Атқарылған жұмысты таудай етіп көрсетіп, жалған көрсеткіштермен бюджеттен бөлінген қыруар қаржыны жымқырғандармен де, жалдамалы жұмысшылардың салығын төлемегендермен де күрес жүргіздік. Әрине, бұл жерде күштік құрылымдар мен басқа да тексеруші органдардың қызметін жоққа шығармаймыз. Бірақ осы жерде салықшылар қызметінің маңызы зор екені даусыз.

Елімізде кәсіпкерлікпен айналысатын азаматтардың барлығы жалпы

дүние-мүлкі туралы декларация тапсыруға міндетті. Бұл – мемлекеттік салық саясатының маңызды бөлігі. Әйтсе де, экономикалық өнім өндіруге, еңбекке жарамды әрбір азаматтың, тіпті, зейнеткерлерді де декларация тапсыруға міндеттеу көзделуде. Бұл да мемлекеттік кірісті молайтудың бір жолы. Себебі мүліктік, көліктік салықтан жалтарғысы келгендер жылжымайтын мүліктері мен көліктерін басқалардың атына тіркеп амалдайды. Ондағы пиғыл – салық төлеуден жалтару.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жыл сайынғы Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауларында, соңғы кездерде өткізіліп жүрген Ұлттық құрылтайларда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту, адал адам туралы айтумен келеді. Тағы да «жасыратыны жоқ» деп айтуға тура келетін мәселе: елімізде сыбайлас жемқорлық, парақорлық, дүниеқорлық, мансапқорлық деген өңшең «қорлықтардың» тамырына қанша балта шапқанмен, бұл індеттің тыйылатын түрі әзірге байқалмайды.

Халқымызда «басшы – біреу, қалғандары – тіреу» болуы керектігі туралы тамаша қағида бар. Ендеше ел президенті алға қойған міндеттерді жүзеге асыруға бір кісідей жұмылуымыз керек. Сонда ғана мемлекетіміз бай, Тәуелсіздігіміздің тұғыры берік болады!

Салықшылар осы бүкілхалықтық іске зор үлес қосып жүргенін мақтанышпен айта аламын.

Мемлекеттік кірістер органдарының мемлекет өміріндегі рөлі жоғары. Сала ардагерлерінің ендігі мақсаты – соны кейінгі буын өкілдеріне жете түсіндіріп, тәлімгерлік қызметтің сапасын арттыру.



ӘБДУАЛИ ҚУАНЫШ

Алматы қаласы бойынша
Мемлекеттік кірістер комитеті

Тауарлар шығарылғаннан кейінгі
кедендік бақылау басқармасы

Әкімшілендіру және бақылау
бөлімінің бас маманы

Біздің кеден шығып жүрген жақсы аты,
Он жылдығы басындағы бақ сәті.
Еларалық экспорттық тауарды,
Заңдылықпен реттеу ғой мақсаты.

Заңдылықта болмайды еш артық-кем,
Бұлжымайтын ережесі бар тіптен.
Айналымға түскен әрбір тауарды,
Өткізеді белгілі бір тәртіппен.

Әрбір істе орын алса заңдылық,
Алдымыздан атады әлі таң күліп.
Бізге дейін сан ғасырлар сақталған,
Жаңа кеден жасайды әлі мәңгілік.

Алдымызда талай еңбек бар әлі,
Баж салығы бар әлемге тарады.

Қарапайым елге тисе залалы.
Контрабанда өз жазасын алады.

Бар әлемде бақылайтын бағаны,
Адамзаттың ақыл-ойы, қаламы.
Болашаққа нық басылған қадамы,
Жаса, жаса, жас кеденнің маманы!

Баянды боп басыңдағы бақ-тірек,
Әрбір ісің жүрсін деймін сәті кеп.
Кеденшілер одағының атынан,
Баршаңызға арнаймын мен ақ тілек!

Әрбір істен болған үлгі-өнеге,
Таусылмасын ырыс, нәсіп, береке.
Әріптестер құтты болсын биылғы,
Он жыл толған мерейтойлы мереке.

Біздің басты бағытымыз – адамдық,
Адамдыққа керек үлкен адалдық.
Біз бәріміз халқымызға тілейміз,
Бейбіт заман, байлық, бақыт, амандық.

Қамтамасыз ету үшін халықты,
Қаржыгерлер ойлап тапқан салықты.
Әр пайданың пайыздары жиналар
Тепе-теңдік сақтау үшін қалыпты.

Кеден, салық – мемлекеттің бір ісі,
Еларалық қатынастың ірісі.
Реттеліп отырады үнемі,
Әр табыстың кірісі мен шығысы.

Шекарада кедендіктер тұрады,
Ең бірінші адал еңбек ұраны.
Беделіміз бүгіндері биік тұр,
Еуразиялық бірлестіктер құрамы.

Адал қызмет етіп жүріп Кеденде,
Абырой мен ие болдық беделге.
Анық айтқан екен қайран бабалар,
Шын достықта шекара жоқ дегенде.

Әріптестер! Ал Қуаныш мен едім.
Сіздерменен биік менің беделім.
Он жыл бойы халықаралық Кеденде,
Елім үшін еңбек етіп келемін!





ӘБДІРЕЕВ ҚАЗТАЙ ТОҚТАСЫНҰЛЫ

Қызылорда облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер
департаментінің ардагері

Танымы жақсының тәлімі жақсы. Қаржы саласындағы қызметтің жауапкершілігі ықылым заманнан жоғары. Адалдық пен табандылықты серік еткендер ғана мамандықтың нағыз майталманы саналады. Өйткені ол мемлекеттің, облыстың, қаланың, ауданның бюджетін құруға, оның сапалы орындалуына тікелей жауап береді. Бұл мамандықтағы біліктілік, шеберлік адамға оңайлықпен келмейді. Ол үшін ұзақ уақыт, мол тәжірибе және қажырлы еңбек қажет.

«Мемлекеттік кірістер, салықтың орындалуы секілді көп қырлы жұмысты бүге-шүгесіне дейін білу үшін ізденіс пен Хәкім Абай атамыз айтқандай «жақсы ұстаз» керек. Біздің өңірде жастарға үлгі және көптеген кәсіби мамандар тәрбиелеген қаржы саласының корифейлері аз емес. Солардың бірі әрі бірегейі – Дайрабай Ысқақов.

Өздеріңізге белгілі, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары қабылданған «Қазақстан – 2030» стратегиясының негізгі басымдығы ретінде экономикалық өрлеу міндеті тұрды. Сонымен қатар 1991 жылы Қазақстан Республикасының «Салық жүйесі туралы» Заңы қабылданды. Ол нарықтық экономикаға енді ғана бет бұрған кез болатын. Яғни өте күрделі кезең еді. Осы тұста аймақтың бюджетін толтыруға жауапты, облыстық

салық комитетінің тізгінін ұстаған Дайрабай Ысқақұлының еңбегі мен ұйымдастырушылық шеберлігін ерекше атап өткім келеді.

Ол кісінің өңірдің қаржы саласының алға жылжуына қосқан үлесі үлкен. Дайрабай Ысқақұлы өзі қызмет жасаған уақытта қазіргі департаменттің салынып бітпей тұрған ғимаратын салық органының меншігіне алып, құрылысын аяқтатып, барлық аудандық басқармаларды ғимараттармен қамтамасыз етті. Ол уақытта салынып бітпей тұрған құрылысты аяқтау, оның барлық коммуникацияларының тартылуы күрделі шаруа болатын. Дайрабай Ысқақұлының белсенділігінің арқасында қысқа уақытта оның да шешімі табылды. Ол ел үшін өтпелі кезең болған жылдарда қат-қабат қиыншылықтарды жеңу, қызметкерлерге жағдай жасау арқылы бюджеттің кіріс бөлігін толтырып, жоспарлы тапсырмалардың орындалуына ықпал жасады. Облыстың жылу орталығы істен шыққан кезде, барлық басқармаларға шағын жылыту орталықтарын орнатты.

Сонымен қатар республикалық және жергілікті бюджет есебінен жергілікті салық органдарын компьютерлендірді. Ол кезде салықтық тексерулерден түскен қаражаттың белгілі бір бөлігінен құрылатын салықтық қор болатын. Сол қордың қаржысын жұмсау тәртібіне сәйкес, қызметкерлерді қайтарымсыз негізде пәтерлермен қамтамасыз еткені де үлкен еңбек. Қазіргі облыстың салық, қаржы саласындағы тәжірибелі буын, білікті мамандар, лауазымды тұлғалар, негізінен Дайрабай Ысқақұлының тәлімін алған толқын.

Менің өзім де осы кісінің тәлімін алып, мектебінен түлеп шықтым. Ағайдың еңбекқорлығы, адамгершілігі бір төбе болса, мамандарына деген қамқорлығы, жанашырлығы, тәлімгерлігі бір төбе еді. Дайрабай Ысқақұлының қызметкерлерінің алдындағы тәлімгерлік жолына ерекше тоқталғым келеді.

Қазақта «Тәлімі жақсының – тәлімгері жақсы» дейтін сөз бар. Тәлімгерлік – тәжірибелі адамның өзінен тәжірибесі аз адамға білімі мен машығын беру әдісі деп баға беруге болады. Заманауи мағынасында тәлімгерлік – мекемеде жеткілікті жұмыс тәжірибесі бар білікті маманның сабағы. Жаңа қызметкерлердің ұжымға бейімделуіне көмектесетін, олардың кәсіптік дамуына, қызметтік өсуіне ықпал ететін, олардың іс-әрекеттерінің нәтижесіне баға беруге қатысатын адам.

Дайрабай Ысқақұлы дәл осындай мықты ұстаз, талмас тәлімгер болды. Қандай лауазымды қызметте болса да алдына келген әрбір маманға жол көрсетіп, оның саланы меңгеруіне, ортаға сіңісіп кетуіне барынша күш салды. Дайрабай ағай қызметкерлерін тек саланы игеруге ғана емес, еңбекқорлыққа, адалдыққа да тәрбиеледі. Ол кісі үшін қызметтен бұрын адамның тазалығы бірінші орында болды. Осындай жақсы тәлім-тәрбиенің арқасы болар, ол кісінің алдынан өткен маманның осалы жоқ. Өзінің еңбек жолында қаржы саласының білікті де білімді мамандарын даярлауға өлшеусіз үлес қосты. Олардың қатарында Ә.Бекішев, А.Әбдуманова, М.Ысқақова, С.Әйменов, Ж.Сүйірбаев және т.б бар. Осындай еңбегі үшін Дайрабай Ысқақұлын барлық әріптестері, елі бүгінде құрметтейді, сыйлайды. Оның атқарған еңбектері де ескерусіз қалған жоқ. Көптеген мемлекеттік наградалармен марапатталды. Қызылорда облысының құрметті азаматы атанды.

Осындай тәлімі мықты тәлімгердің ұстаханасынан шыққан біз ағайды әрдайым мақтан тұтамыз. Ұстаздың еңбек жолы мен ұлағатты істері туралы жазып, сол арқылы бітім болмысын кейінгі буынға ұлықтаудың өзі біз үшін басты парыздың бірі болып қала бермек. Өнегеге толы өмірі ұзақ болғай.



ТЕМІРОВА ГҮЛСАРА ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ

Қызылорда облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер департаменті

Талдау және тәуекелдер
басқармасының басшысы

Медеу аудандық салық комитетіне маман болып жұмысқа қабылдандым. Осы аралықта алған тәжірибем өміріме «азық» болды деп мақтанышпен айта аламын. Бұл саланың қыр-сырын игеру үстінде тәжірибелі әріптестерім мен ұстазым болды. Менде олардан үйренуден жалықпадым. Медеу ауданында жұмыс істеген жылдарым бүгінгі мансабыма жету жолындағы университетім болды.

Сол кездегі қатар жүрген әріптестерім, қазіргі кезде ел ағалары. Басшы қызметте, олармен араласпсам да, сырттарынан мақтанамын.

Міне биыл салық саласындағы қызметіме 26 жыл.

Әрқашан өз саламның жақсы маманы болуға тырыстым. Ең бастысы саладан салаға жоғарылаған сайын білімнің қажеттігін түсініп, салық саласындағы жаңа инновациялық жаңалықтарды жан-жақты игеруге тырыстым.

2004 жылы Алматыдан Қызылордаға ауысып, 2009 жылға дейін есеп бөлімінде қызмет атқардым. Осы бөлімде қызмет атқара жүріп, көзге түсіп еңбегім еленіп бөлім басшысы болып тағайындады.

Шешім қабылдаудың қиындығын сезіндім. Жұмыс қиындай түсті, тиісінше оқып-үйренуді жалғастырып, Алматы қаласының Алмалы ауданының

қызметкерлерімен тәжірибе алмасып, жұмысымыздың сапасын арттыра түстік.

Облыс рейтингісін көтеру мақсатында мүмкіндіктерді саралап, ұжымды жұмылдырып, күнделікті қадағалап, бақылап нәтижесін көрдік. Камералдық бақылаудың кемшіліктерін зерделеп, соңғы орыннан бірінші орынға шығуға ат салыстық.

Еңбек пен табандылық, оқып үйрену, жан-жақты іздену кез келген адамды жақсы нәтижеге, жетістікке жеткізеді. Бұл қағиданы ешқашан ұмытқан емеспін.

Атырауда өткен Ұлттық құрылтайдың елдік тұжырымдамасын жариялап Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Адал адам, адал еңбек, адал табыс» қағидатын ұсынған еді. Бұл сөздер біздің өміріміздің де басты ұстанымы. Адал еңбектің арқасы болар ұжымым қолдап, басшыларым бағалап, осы саланың «үздігі» болдық.

Елімнің игілігі үшін барлық күш-жігерімді жұмсауға мүмкіндік берген, биіктерге қол созып мансабымды өсірген осы қызметіммен мақтанамын.

10 ЖЫЛ
МЕМЛЕКЕТТІК
КІРІСТЕР
КОМИТЕТІНЕ





СЕЙТАЛЫ АМАНГЕЛДІ НҰРМҰХАМБЕТҰЛЫ

Шығыс Қазақстан облысы
бойынша Мемлекеттік кірістер
департаменті

Ұлан ауданы бойынша
Мемлекеттік кірістер басқармасы

Салықтық әкімшілендіру және
өндіріп алу бөлімінің бас маманы

Салықшы кіріс кіріп елімізге,
Қаншама қала салған жерімізге.
Құлақ сал, қазақ елім үндеуі бар,
Кірістер комитеті төрімізде.

Бізде бар кәсіпкердің мың тұлғасы,
Мамандар жан-жақты бір тұлғалы.
Ғұмырын арнап жатыр халқы үшін,
Қаншама тұлға менен елдің ісі.

Елдіктің, қазынаның бір бұрышы,
Кірістер кірген елге ең дұрысы.
Халқының қазынасын толтыратын,
Осы ғой біздің пайда елімізге.

Мектеп соқсын деп құяды қазынаға,
Есебі үлкен ақша аты мәнді.
Халқыңа адал бол деп әкем айтқан,
Жасасын Кірістер комитеті!



МЕДЕТОВА ҰЛБОЛСЫН АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ

Батыс Қазақстан облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер департаменті

Жанама салықтарды
әкімшілендіру ҚҚС салық аудиті
бөлімінің бас маманы

«Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден»

Ә.Бөкейханов

Мемлекеттік қызметшімін. Ал бұл жолға мен қалай келдім... 2006 жылы «Алтын белгі» иегері атанып, мектеп қабырғасынан түлеп ұшқан шағымда, менің алдымнан еліміздің кез келген оқу ордасына, өзім таңдаған мамандыққа оқуға түсуге мүмкіндік ашылды. Ойлана келе, маған сенім артқан, білім нәрін сусындатқан ұстаздарымның берген бағытымен, Елорда төріндегі Еуразия Ұлттық Университетіндегі «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығын таңдадым. Сол кездегі жас қаламыз Астанада, еліміздің түкпір-түкпірінен келген талапты жастармен бірге студенттік шақты өткеріп, мамандық иесі атандым.

Мамандығым маған экономист-менеджер біліктілігін берді, соның арқасында мен әр жылдары банк, білім саласында қызмет етіп, өз біліктілігімді жетілдірдім. Бірақ ойымда мемлекеттік қызметші боламын деген мақсат жүретін.

2015 жылы жолым болып, қайта құрылған мемлекеттік кірістер органдары қызметкерлерінің қатарына қосылдым. Салық саласының бас

маманы ретінде мемлекеттік қызметті атқару мен үшін үлкен жауапкершілік. Бұған дейін қызмет еткен бюджеттік салада мен жоспарға сай бөлінген қаражаттың игерілуін көрсем, салық саласында сол бюджетке қажет қаражаттың қалай толығынын меңгердім. Сондықтан бюджеттің кіріс бөлігін қамтамасыз ету – үлкен жауапкершілік деп есептеймін.


Салық – мемлекет институты пайда болған сәттен бастап қоғамда экономикалық қатынастардың қажетті буыны, мемлекет кірісінің негізгі көзі болды. Жинақталған салықтар билік органдарының қызметін, әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларын, елдің қорғанысынан бастап, іргелі ғылыми зерттеулерді, қаржылық нарықтарды реттеуге дейінгі мемлекет функцияларын орындауды қаржыландыруға бағытталады.

Осы орайда салық салуды жетілдіру, әлеуметтік бағдарланған салық жүйесін құру, сондай-ақ негізгі қағидаты мемлекеттік мүдделер мен салық төлеушілердің мүдделері үйлесім тапқан серіктестік қарым-қатынас құруға бағытталған салық мәдениетін қалыптастыру және дамыту өзекті міндетке айналуда.

Салық қатынастарын дамытудың маңыздылығы бағдарланған мемлекеттің өміріндегі салық жүйесінің рөлімен анықталады. Оның маңыздылығына бүгінде ешкім күмән келтірмейді.

Салық салу, шын мәнінде, жалпыға бірдей. Сондықтан бұл процеске тек салық органдарының қызметкерлері немесе ұйымдардың қызметкерлері ғана емес, сонымен бірге бүкіл халық – салықтық мінез-құлқының әртүрлі формаларын көрсететін салық төлеушілер (нақты және әлеуетті) қатысады.

Бүгінгі күні мемлекет тарапынан қабылданып жатқан салықтық менеджмент аспектілері, салық төлеушілердің маңызын түсіндіретін, олардың ел дамуының ажырағысыз бөлігі екенін баса көрсететін ашық диалогтар, кездесулер, форумдар, бірте-бірте ертеңгі қалыптасқан салық мәдениетіне жеткізетініне сенімім мол.



ИБРАЕВА НҰРГҰЛ ТӨКЕНҚЫЗЫ

Қарағанды облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер департаменті

Қазыбек би ауданы бойынша
Мемлекеттік кірістер басқармасы

Өндірістік емес төлемдер бөлімінің
бас маманы

Ортамда ең бастысы адамдығым,
Еңбекқормын азғана алам тыным.
Айналысып келемін сүйікті іспен,
Өзіме қатты ұнайды мамандығым.

Қоғамға қызмет етер жарамды жан,
«Әу» бастан дайын менің санам бұған.
Өскен қызбын өлкем деп өмір бойы,
Егіндібұлақтағы Қояндыдан.

Ер жеттім мен жүрегіме білім тоқып,
Ұстаздардың аузынан ілім тосып.
Мақсатым жақсы маман бола алсам деп,
Келгенмін бұл салаға үздік оқып.

Перзенттік ойым деймін дұрыс тегі,
Болса екен Қазақстан ырыс кені.
Біздің жұмыс осыған сай келеді,
«Салық» деген бюджетке кіріс көзі.

Басқармасы салықтың байқап тұрсам,
Табыс екен ел жұртын алға бұрған.

Мақсатым қазағыма пайдалы боп,
Отанымның дамуын жандандырсам.
Мемлекеттік мекемеде еңбек етем,
Өтсе де қаншама қыс, қанша көктем.
Шыдадым ыстығына, суығына,
Арттағы күнтізбесі 1995-тен.

Осы орын мен үшін қымбат мекен,
Қазірде «бас маман» болып қызмет етем.
Бұл күнде үлкен жасқа жетіп қаппын,
Ол кезде бар-жоғы жиырма төртте ем.
Еренді еңбекпенен өсіп келем,
Кәсіппенен келеді нәсіп деген.
Қалаған мамандыққа кір жұқтырмай,
Өзімнің үлесімді қосып келем.

Осылайша ұжыммен бірге жүрдім,
Басымнан талай нәрсе кешіп жүрдім.
Абыроймен атқардым жұмысымды,
Ойлаған мақсатыма жетіп жүрдім.
Мамандығым өз жаныма жағымды,
Тапқандаймын осы іспен бағымды.
Қоғамға келтіреді пайдасын,
Сол үшін де біздің сала маңызды.

Әмсе қоғам адал жолмен құрылар,
Әр саланың қыры менен сыры бар.
Бұл күндері әділ жолмен құрылған,
Салықтың да неше алуан түрі бар.
Алдымызда атады тек жарық күн,
Жақсы іспен жүзі жайнар халықтың.
Туған жердің биік болсын тұғыры,
Мақсат, ойы осы біздің «Салықтың».

Еңбегіме қашаннан көңлім толы,
Халқыма қызмет қылам өмір бойы.
Әріптестер, бәріңізге құтты болсын,
Мемлекеттік кірістер мерей тойы!



МҰХАМЕТҚАЛИЕВА ФАРИЗА БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Батыс Қазақстан облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер департаменті

Бөрлі ауданы бойынша
Мемлекеттік кірістер
басқармасының бас маманы

Сізден түскен салыққа,
Жағдай жасар халыққа.
Мемлекеттік кірістер
Қызметі бар қамықпа.

Адалдыққа шын бекін,
Болса елге құрметің.
Дамуы үшін еліңнің,
Салық төлеу міндетің.

Көшіне ерген жаһанның,
Елге азамат атандың.
Салық елдің мүддесі,
Әлеуеті Отанның!



ТӨЛЕМИС МӘДЕНИЕТ ЕЛЕУСІЗҰЛЫ

Маңғыстау облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер департаменті
«Ақтау теңіз порты» Мемлекеттік
кірістер басқармасының басшысы

Мен еңбек жолымды 1992 жылы 2 қыркүйектен Маңғыстау облысының Ақтау қаласы бойынша Мемлекеттік салық инспекциясында мемлекеттік салық инспекторы лауазымы қызметінен бастадым. Жалпы еңбек өтілім 31 жыл.

Жоғарыда көрсетілгендей, менің қызмет атқарған жылдарым өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында Кеңес үкіметінен өзінің тәуелсіздігін алып, әлем картасында «Қазақстан Республикасы» деп танылған жаңа тәуелсіз мемлекетімізбен бірге жалғасып келеді. Маған және менімен замандас адамдарға жас маман ретінде жас нәрестедей аяғын тәй-тәй басқан тәуелсіз мемлекетімізге қызмет ету бұйырды. Мен үшін бұл үлкен құрмет және жауапкершілігі мол сынақ!

Мен бұрынғы салық органында, қазіргі кірістер қызметінде еңбек еткен жылдары көптеген қиыншылық пен жақсылықты бастан өткіздім. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары еліміз үшін өте қиын болды. Өндіріс ошақтары тоқтап, елімізде жұмыссыздық көбейіп, қаржы тапшылығы күрт өсті. Халықтың әлеуметтік жағдайы нашарлады. Егемен еліміз үшін экономикалық және саяси дағдарыстан құтылып, заманауи

еңсесі биік дамыған елдің қатарына қосылу үшін, біріншіден, экономика дамуы керек болды. Ол үшін ел қазынасы қаржыға толуы керек болды. Міне, осы шешуші кезеңде біздің, яғни салық органдары қызметкерлерінің алдында тұрған бірінші мәселе мемлекет қазынасына салықтарды және басқа да бюджетке төленетін міндетті төлемдерді толықтай, дұрыс және мерзімінде түсіру болды. Салық органы қызметкерлері тарапынан көптеген жұмыстар атқарылды, соның арқасында Маңғыстау облысының бюджеті жоспарланған межеден артық орындалып, халықтың әл-ауқаты жоғарылады. Бұл мен үшін және осы салада аянбай тер төгіп еңбек еткен әріптестерім үшін үлкен абырой! Осы еңбегім бағаланып, мемлекет және ұжым басшылығы тарапынан көптеген алғыс пен марапатқа ие болдым. Сол үшін мен өзім жақсы көріп таңдаған мамандығымнан қателеспедім деп ойлаймын.

Мен өзім жастармен көп кездесіп, өмір және болашақ туралы әңгіме айтқанды жақсы көремін. Жастармен кездескенде ең бірінші Абай атамыздың «Әсемпаз болма әрнеге» деген өсиет өлеңін айтып беремін! Сонымен қатар мамандық таңдау жоғары немесе орта оқу орнында оқып, диплом алу емес, бұл өзіңнің өмірдегі жолыңда нақты да дұрыс таңдау деп ескертемін.

Менің тағы бір қасиетім – әдеби кітаптарды көп оқимын, тарихи әңгімелерді тыңдағанды жақсы көремін. Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлын ұстаз тұтамын. Шамам келгенше достарымның ортасында және әріптестерімнің арасында Абайдың өлеңдерінен үзінділер келтіріп, қара сөздерін насихаттаймын. Сонымен қатар шығармашылыққа жақынмын, яғни ата-бабаларымыз туралы шежіре әңгімелерді жинақтаймын. 2016 жылы анам Бексейітова Бибатпаның «Темірқазық» атты кітабына редактор болып, жарыққа шығардым. 2011–2019 жылдар аралығында Маңғыстауды мекендеген Адай руының Жеменей бөлімінен тарайтын, 1723 жылы Жоңғар шапқыншылығында Қазақ жерін жаудан азат етуге қатысқан Қожамсүгір батыр ұрпақтарының ата-тек шежіресін жинақтап, 2019 жылы «Қожамсүгір бабадан бері қарай...» деген атаумен жарыққа шығардым. 2020 жылдан бері ата-бабаларымыздың XVIII–XX ғасырлардағы бастан өткізген зобалаң жылдары туралы 950 беттік

энциклопедиясын жасақтап, «Ата-тегім жалғанған алтын шынжыр» деген атаумен баспаға дайындадым, бұл еңбегім 2024 жылдың соңына дейін жарық көреді.

Жоғарыда көрсетілген шығармашылық еңбектерімді жазып отырған себебім мемлекеттік қызметте жүріп те шығармашылықпен, білім-ғылыммен, әртүрлі ғылыми еңбектермен, спорт түрлерімен, оның ішінде ұлттық спорт түрлерімен де айналысуға уақыт табуға болатынын үгіттегім келді.





ЖҰМАБЕКОВ БАУЫРЖАН СЕРІҚҰЛЫ

Қостанай облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер департаменті
Ұйымдастыру-қаржы басқармасы
Ұйымдастыру-бақылау бөлімінің
бас маманы

Мен үшін мемлекеттік қызмет деген абыройлы мамандық болып есептеледі. Қоғамға пайдалы болуға, ел игілігі жолында еңбек етуге әрқашан тырысамын. Сол себепті мемлекеттік қызметке қабылдану үшін Қазақстан Республикасының заңдарын оқып, тест тапсырып, сынақтан сүрінбей өттім. Сол сәт әлі есімде...

Таңдаған жолымның жауапкершілігін анық сезіне түстім.

«Тәуекел түбі – желқайық, өтесің де кетесің» демекші, тәуекелге бел байлап, 2018 жылдың 10 мамырында ішкі конкурс бойынша Қостанай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментіне Ұйымдастыру-қаржы басқармасының ұйымдастыру бөліміне жұмысқа орналастым.

Еңбек жолым, облыс орталығында жалғасын тапты. Менің кәсіби, яғни функционалдық міндетіме мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, мемлекеттік тілдің дәрежесін арттыру және мемлекеттік тіл мен орыс тілі арасында аударма жасау, кіріс-шығыс құжаттарды тіркеу. Департаменттің қызметіне кіретін түрлі жиындар мен ұйымдастырушылық жұмыстарын өткізу. Мемлекеттік тілді құрметтеу, меңгеру – бәріміздің ортақ парызымыз. Әсіресе мемлекеттік

қызметкер мемлекеттік тілде еркін сөйлеуі керек. Елімізде қолға алынып жатқан мемлекеттік тіл саясатын қолдаймын.

Өз басым қазақ тілінің дәрежесін көтеруге арналған іс-шараларға қалмай қатысамын. 2021 жылы Қостанай қаласындағы мемлекеттік органдар қызметкерлері арасында қазақ тілі мен тарихын, мәдениеті мен әдебиетін насихаттау мақсатында өткен «XXI ғасыр көшбасшысы» ойынына қатыстым. Одан кейін 2022 жылы біздің жерлесіміз, қазақ әдебиетінің дамуына өлшеусіз үлес қосып кеткен танымал жазушы-журналист Бейімбет Майлиннің мерейтойына орай ұйымдастырылған облыстық бейнеролик байқауында II орын алдым. Мемлекеттік тілді қолдауға арналған қызметім әлі де жалғаса бермек.

Бос уақытымда шығармашылықпен айналысқанды жақсы көремін. Баян музыкалық аспабында ойнап, домбыра шертемін. Мереке күндері департамент ұжымы ұйымдастыратын мерекелік іс-шараларға белсенді қатысып жүремін.

Анда-санда болса да ән шығаратыным бар.

«Тірі болсам ұлтқа қызмет етпей қоймаймын» деп ұлт ағартушысы Әлихан Бөкейханов айтқандай, мемлекетшіл болуға, мемлекеттік тілді дамытуға барымды саламын. Мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков сияқты азаматтардың жолын жалғап, ұлтқа қызмет етуге барымды салғым келеді. «Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден» деген қазақта тамаша сөз бар ғой. Ендеше, Жаңа Қазақстанның жарқын болашағын қалыптасыру жолында тамшыдай болса да өз үлесімді қоссам деген ниеттемін.



ЖҮНІСОВА МӨЛДІР МАРАТҚЫЗЫ

Ұлытау облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер департаменті

Жезқазған қаласы бойынша
Мемлекеттік кірістер басқармасы

Салық төлеушілермен жұмыс
бөлімінің басшысы

Әр адамның маңызды шешім қабылдап, өзінің болашағына алаңдап, мамандық таңдау туралы ойланатын сәті келеді. Бұл маңызды шешім – үлкен қадамға жетелейтін баспалдақтардың бірі. Кез келген адам оқушы кезінен өзінің болашағы, болашақ мамандығы туралы ойлайды. Мамандықтың көптеген түрі бар және әрқайсысы маңызды.

Таңдаған мамандығымды үлкен өмірге жасаған алғашқы қадамым деп білемін. Мектеп кезінен есеп-қисапқа деген қызығушылығым қазіргі мамандығыма жетеледі. Салық саласы мамандығын таңдадым. Жүйе қызық, әрі күрделі. Салық маманы болу – салық төлеушілермен тығыз байланыс орнатып, ел қазынасын молайтуға зор үлес қосу. Әрі ол жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың басты бағдаршыларының бірі.

Алға ұмтылуға деген құлшынысыммен, осы мамандығыма деген сүйіспеншілігім күнен күнге артуда. Бұл салада қызмет атқарғаным 11 жылдан асты. Жұмысты салық басқармасының жетекші маманы болып бастадым. Менің басты қызметтік міндетім – салық төлеушілерге сапалы, әрі нақты мемлекеттік қызметтерді көрсету, қажетті ақпаратты сауатты және дәйекті түрде жеткізе білу болды. Жезқазған қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының білікті де білгір

мамандарымен қызмет атқарып, бүгінде тәжірибелі және ақылшы тәлімгерлердің арқасында біліктілігімді күннен-күнге арттырудамын.

Басқарманың ұйымдастырушылық және біліктілік қабілеті жоғары басшысы мен әріптестеріме деген алғысым шексіз. Олар басқармаға қабылданған әрбір жас маманның болашағынан үлкен үміт күтеді. Әріптестерім осы бір маңызды саланың қыр-сырын үйретуден әсте жалыққан емес.

Халықпен тығыз жұмыс істеу оңай емес. Мамандық табандылықты, жауапкершілікті, байыптылықты, мұқият болуды және қиындыққа қарсы тұра білуді қажет етеді. Жұмыс істеу барысында тек қана салық саласының маманы ғана емес, жұмыс барысында психологта бола білу керек. Салық төлеушінің жағдайына түсіністікпен қарауға, кейбір мәселелерде шешім қабылдауға көмек қолын соза білуге тура келеді.

Мамандық таңдауда дұрыс шешім жасау, болашағыңның жарқын кепілі. Өз ісін сүйетін адам кез келген бағытта үлкен нәтижеге қол жеткізе алады. Мен өз мамандығымды сүйемін және мақтан тұтамын! Салық жүйесінің мықты маманы болу үшін барлық күш-жігерімді сарп етуге әзірмін! Еліміздің берекесі нық, іргесі берік, болашағы жарқын, экономикасы өркендеп, қанаттанып өсуіне тілектеспін!



АМАНБАЕВА ЖАННАТ ӘБДІКӘРІМҚЫЗЫ

Түркістан облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер департаменті

Түсіндіру жұмысы байланыс
орталығы бөлімінің басшысы

Күн сайын кіріс департаментінің кеңселерінде отырған қызметкерлер, байқаймын, айналасын қоршап тұрған табиғатқа өте аз көңіл бөледі. Олар жартылай ашық тұрған желдеткіштен естілген жапырақтардың сыбдырына, ағаш бұтақтарында қонып алған қар ұшқындарына, сықырлауық аязға, құстардың шырылына, тіпті терезе алдында құмырада өсіп тұрған гүлдердің хош иісіне онша мән бермейді. «Бүгін айналаңыздан қандай қызықты сәттерді байқадыңыз?» – десем: «Ештеңе байқай алмадық», – деп жауап береді. Сонда біз қағазбасты боп, айналамыздағы ғажап тіршілікті бағалай алмағанымыз ба?

Сүйікті қаламыздың қарапайым және қайталанбас табиғатын салықшы ретінде емес, осы қала тұрғыны ретінде сипаттағым келеді. Осылайша «Айналаңызға қараңызшы! Мына әлем қандай әдемі!» деген тақырыпта эссе жазайын деп шештім. Менің қызметтестерім мен басқа қаладағы әріптестерім менің эссемді оқығаннан кейін, біздің табиғи көрікті жерлерімізге басқаша қарайтынына сенімдімін.

Біздің киелі қаламыздың табиғатын ақындар мен жазушылар ежелден-ақ өлең-жырларда сүйсіне жырлаған. Олар Түркістанның күн сайын құлпырып келе жатқан бүгінгі ғажап келбетін тамсана тамашалады. Дәл

осындай жерде дүниеге келу бақытына ие болдым. Бірақ табиғат менің қалама ормандар, емен ағаштары мен жануарлар әлемін сыйлаған жоқ. Бірақ айналаға мұқият қарасаң көптеген әдемі көріністерді табасыз.

Біздің қаланың ежелгі атауы – Ясы. Бұл нені білдіреді? Ортағасырлық тарихшы Ибн Тагриберди (1411–1465) «Ясы» сөзінің көне түркі тілінде «реттеу, тәртіпке келтіру» деген мағынаға саятындығын айтады. «Бұл сөз әсіресе Мысыр мен Шамды мәмлүктер билеген кезде кең тарады», – дейді ол. Мүмкін ертеде бұл өлкеде қатаң тәртіп орнаған шығар. Біз атқарып жатқан «кіріс» терминінің өзі салықтың тәртіптілігін білдіреді емес пе? Аталарымыз бен ағаларымыздың қолымен тұрғызылған жәдігер ғимараттарды кездестіреміз. Тарихи ескерткіштерді Сыр бойынан, көне қаланың ішінен көптеп кездестіруге болады.

Қазір қаланы айналдыра жасыл көшеттер отырғызылып жатыр. Мұндай орман жолақтарының қандай пайдасы бар? Біріншіден, ағаштар қаланы қатты желден қорғайды, олар айналадан жоғарғы қабаттағы топырақты үрлейді. Көктемгі еріген су мен жаңбыр ағындары ағаштарды суғарады. Мәселен, біздің Қарашық өзені орманы жоқ жерде ағып жатыр. Жел оған шаң, құм әкеледі. Көктемгі ағын да өзенді лай мен құммен бітеп тастайды. Күн сәулесінен қорғалмаған су жазда қатты буланып кетеді. Жыл сайын өзен таяз болады және уақыт өте келе жер бетінен мүлдем жоғалып кетуі де мүмкін. Бірақ қала тұрғындары мұны уақытында түсініп, өзен жағасына ағаштар мен бұталар отырғызып жүр. Олар өсіп, көктемгі ағындардың суын бұғаттап ұстап, арықтарды қатты буланудан сақтайды. Көріп отырғаныңыздай, табиғатта бәрі қисынды дамиды. Қала облыс орталығы болғалы жан-жақтан әкеліп отырғызылған үйеңкі, долана, шие, терек, емен және қайың сияқты ағаштар ауаны барлық зиянды қоспалардан тазартады және оны оттегімен қанықтырады, қаланың көшелерін хош иіске толтырады. Адамдар оларды орман «сақшылары» деп атайды. Қайың ағаштарының бір-екі қатарда арулардай тізіліп тұрғанын көргенде ерекше қуаныш сезімінде боламын. Бұл ағаштар суық қыс пен аптап жазға төзімді. Емен ағаштары басқа ағаштардың арасында соншалық сұлу және әсем көрінеді. Еменнің ұзақ өмір мен беріктіктің символы болып табылатыны бекер емес. Осылайша

қала сыртындағы ағаш белдеулер біздің қаламыздың қарапайым келбетіне сұлулық әкелді және оны безендірді.

Терезені ашып қойып, таза ауамен тыныс алу, ағаштардың басындағы желдің шуын, құстардың дауысын тыңдау керемет қой. Ағаштың жауы – өрт. Құрғақшылық жылдары ағаштар кейде өртеніп кетеді, бірақ көбіне адамдардың немқұрайлылығынан зиян шегеді. Уақытында сөндірілмеген от, лақтырылған сіріңке немесе темекі – табиғатқа үлкен зиян.

Орман құстары, қарақұйрықтар, шымшықтар, тоқылдақтар, үкілер, көкектер, қарлығаштар және қарғалар, пайдалы әрекеттер жасайды. Тышқандар мен басқа да ауылшаруашылық зиянкестерін жоюға көмектеседі.

Біздің қала шөлейт аймағында орналасқан. Сондықтан дала өсімдіктері жиі кездеседі. Табиғи шөптер тек тік беткейлер мен арқалықтардың түбінде, жолдардың, егістіктердің және теміржолдың бойында сақталған. Бұл – жусан, киикоты, жалбыз, бидай шөптері, жылқы қымыздықтары, кәдімгі мыңжапырақ, жолжелкен. Осы өсімдіктердің арқасында қара топырақ пайда болады.

Шалғынды шөптерден басқа, өзен жағаларында сіз қызыл кітапқа енгізілген аязға төзімді өсімдіктерді де таба аласыз. Бұл қылшық, қаз пиязы мен басқалары. Олардың барлығы жойылу алдында тұр. Жойылу себептерінің бірі – жер жыртуға, мал жаюға байланысты. Тағы бір себеп – табиғат апаттарының әрекеттерінен және адам тарапынан гүлдерге деген шамадан тыс «сүйіспеншіліктен». Біздің айналамызда өсімдіктердің көптеген түрлерінің жойылуы жануарлар әлеміне зиянды әсер тигізеді, өйткені өсімдіктер кез келген қоректену тізбегінің басында тұрады.

Кез келген сұлулыққа, әйел затының көзімен қарау керек. Қаратаудан арқарлар ауған кезде біздің аймаққа бұғылар, бұландар мен қабандар кіреді. Олар жас ағаштардың шөптерімен, қабығымен және бұтақтарымен қоректенеді. Қарттардың айтуынша, тіпті қасқырлар да келген. Бірақ ол ескілікте болған жағдай. Егістіктер мен орман белдеулерінде түлкілерді, қояндарды және борсықтарды кездестіруге болады. Өзеннің жайылмасында су егеуқұйрықтары, күзендер, тышқандар, құндыздар

мен кесірткелер бар. Өзен жағасында олардың «саятшылықтарын» көруге болады. Мұнда олар тыныш өмір сүреді. Өйткені оларға ешкім қол тигізбейді. Қазір бұғыларды көру өте сирек. Жануар Халықаралық Қызыл кітапқа енгізілген.

Қорытындылай келе, өзіме сұрақ қоямын: «Бізге мұра болып қалған табиғи байлықты қалай сақтауға болады? Біз, кіріс қызметкерлері, табиғат сақшысы бола аламыз ба? Менің ойымша, біз мұны ең қарапайым нәрседен бастауымыз керек: салықтан түсіп жатқан азғана ақшамыздан үнемдеп, айналамызға ағаш отырғызамыз, көп ұзамай бұл жерде жасыл орман пайда болады. Құстар келеді, жануарлар сағалайды, шөптер өседі. Содан кейін әрқайсымыз табиғат пен адамның біртұтас екенін түсінеміз. Біреуі екіншісіз өмір сүре алмайтынына көз жеткіземіз!

Табиғаттың сұлулығына тәнті болып, біз бір-бірімізге: «Мына әлем қандай әдемі, қандай тамаша, қарашы!» – деп жылы сөздерді жиі айта-тын боламыз. Себебі біз салықты осындай бақытты өміріміз үшін, адамдардың тыныш тіршілігі үшін жинап жатырмыз!

Сондықтан «айналаңа қарай жүр!..»



ЕРЖАНОВА МЕРУЕРТ КЕЛЕСБАЙҚЫЗЫ

Мемлекеттік кірістер комитеті
Стратегиялық даму
басқармасының сарапшысы

Адам баласына жоғары жетістікке жетуі үшін, экономиканы жақсартуға өз тарапынан елеулі үлес қосу үшін адалдық пен білім қажет. Кәсібилікке қол жеткізу, қызметте тиімді жұмыс істеу, білікті маман ретінде сұранысқа ие болу үшін тұлғаның өз-өзіне сенімді болуы өте маңызды.

Әрбір азаматтың мақсаты – ел алдында борышын адал өтеу болуы тиіс. Осы жолда аянбай еңбек ету қажет.

Еңбектегі жұмыс қанағаттанарлық болуы үшін атқаратын қызметіңді шынайы жақсы көру үлкен рөл атқарады.

Қызметте шыңдалуға деген ұмтылыстың арқасында шынайы абыройлы болу қызмет бабында жасалатын таңдауға байланысты.

Мен бес ұлдың анасымын. Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу – аналардың басты міндеті.

Тұлға өз санасының мұнара биігіне жету үшін, өнегелі ұрпақты тәрбиелеу үшін рухани бай болуы, сананың кең болуы бірден бір дәлел.

Биік мансапқа жету – менің бала кезімдегі арманым. Сол биікке – халыққа шынайы, адал қызметіммен жетуге болады деген сенімдемін.

Ұрпақтарымызды жарқын болашаққа жетелейтін, елімізді игілікке әкелетін шешімдерді қолданып, өзімнің қызмет жолымда еліміздің дамуына өз үлесімді қосуға өзімді лайықты адам ретінде санаймын.

Менің басты мақсаттарым:

- Халыққа қызмет ететін қоғамдағы әйелдердің рөлін нығайту;
- Елімнің көркейіп өсуіне өзімнің шынайы үлесімді қосу;
- Елге адал қызмет атқаратын білімді, кемел, жас мамандарды тәрбиелеу.

Осы мақсаттарымды жүзеге асыру үшін бойымдағы қабілеттерім мен жеңіске әкелетін игілікті стратегияларды қолдануды көздеп отырмын.

Адам баласының бойындағы көшбасшылық қасиет уақыт өте келе дамиды. Тәжірибелі басшылардың тәлімгерлігі, мағыналы және маңызды семинарлар мен тренингтер аса қажет.

Аналардың қоғамдағы жұмысты орындауы мен жауапкершілігіне қоса, ана және адам, жар ретінде отбасының берекесін сақтап, екі жақты тепе-тең алып жүруіне тура келеді.

Егер әйел-ана жаны мен тәні сау болса, салауатты қоғам қалыптасарды. Бұл еліміздің жарқын болашағының бірден-бір кепілі.



НҰҒМАНОВА МАРТА АМАНТАЙҚЫЗЫ

Қызылорда облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер департаменті

Қызылорда қаласы бойынша
Мемлекеттік кірістер басқармасы

Заңды тұлғаларды әкімшілендіру
бөлімінің бас маманы

Менің қызмет жолым Төретам кентіндегі салық басқармасынан басталған. Жасым ол уақытта 23-те болатын.

Солай бір жыл мамандардың көмекшісі болып жүріп, жұмысымды көрсетіп, еңбегім еленіп, мемлекеттік қызметке қабылдандым. Сол кездегі менің жай-күйімді айтып жеткізу, ата анамның көңіл күйін жеткізу мүмкін емес. Өйткені ол мен үшін өмірімнің бақытты сәттерінің, өзіме деген сенімділіктің артқан кезі еді... Ал ата-ана үшін өзінің баласының ұясынан қанат қағып, қатайып, бір белесті бағындырғанын көруден асқан арман жоқ.

Солай салық саласының жетекші маманы атты кемемде жүзу кезеңім басталды. Әрине, бұл жолда құлау да, тұру да, сәттілік те, қаттелік те болады. Басымнан қандай сәттер өтсе де ол мен үшін үлкен сабақ болды.

Мен өз мамандығымды сүйемін, мамандығыммен мақтан етемін, еліме, халқыма адал қызмет етуді, халықпен тілдесуді, ойларын тыңдауды, бөлісуді ұнатамын. Қолымнан келгенше, заңи тұрғыда, адамгершілік төңірегінде де түсінуге, көмектесуге тырысамын.

Себебі – біз мемлекетіміздің айнасымыз. Бізге келетіндер – әр түрлі.

Біреуі жарқын, жайдарлы болып келсе, ашумен, ызамен келетіндер де аз емес. Себебі олар түрлі жағдаймен келуі мүмкін. Сол үшін алдыңа келгендерге мейлінше сыпайы түрде, құрметпен, ізетпен қарсы алып шығарып салу керектігін түсінемін.

Біз оларға қызмет етсек, мемлекет туралы, оны басқарып отырған тұлғалар туралы кереғар пікір қалыптаспайды деп ойлаймын. Үнемі салық саласының имиджін көтеруге тырысамын, «Үлкенге ізет, кішіге құрмет» принципін ұстанамын. Бойымдағы қарапайымдылығымды ешқашанда жоғалтпауға, жұмыс барысында қолдануға тырысамын. Қызмет бабын асыра сілтеуге жол бермеймін. Әрдайым бөлімаралық мәселелерді бөлім ішінде шешуге, сыртқа шығармауға тырысамын.

Менің жұмыс жасап жатқан басқармам, бөлімім – екінші жаңұямдай болып кетті. Осы жерде жанашыр досты да, жақын туысты да, адал әріптестерді де таптым, тәлімгерлерімнен үйренерім көп болды. Сонымен қатар жұмыстан тысқары, бойыма көптеген жақсы қасиеттерді сіңіріп, «жақсыдан үйреніп, жаманнан жирендім».

Бөлімде жанашырлық, жұмысты теңдей бөлу, қуанышты да қайғыны да бөлісу, жұмысқа білек сабана бірге кірісу, қоғамдық жұмыстарға белсене араласу, бәрі ұжымдасқан түрде жүзеге асырылады. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші бәрін ортақ шешіммен шешуге тырысамыз.

Менің мамандығым қызығы мен қиындығы бірге жүретін, төзімділікті қажет ететін мамандықтардың бірі. Мамандығым өзіме қатты ұнайды. Атап айтсам, салық төлеушілердің шынайлығын тексеру, салық есептіліктеріне талдау жасау, мәмілелердің болған не болмағанын анықтау, төлемдердің дұрыс жүргізілуіне көз жеткізу, анықталған айырмашылықтар бойынша жұмыс жасау, хат жазу, әңгімелесу, хабарламалар қалыптастыру, талап арыз жолдау, сот отырыстарына қатысу менің сүйікті жұмысым.



ОРАЗҒАЛИЕВА АЙДАНА БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Бөрлі ауданы бойынша
Мемлекеттік кірістер басқармасы

Салықтық әкімшілендіру және
өндіріп алу бөлімінің бас маманы

Адамның адамшылығын арттырып, өміріне шырай беретін істеп жүрген адал қызметі. Адамның өмірі еңбекпен тығыз байланысты. Сәби тәй-тәй басып, айналасын танығаннан бастап, біз оларға қолына ұстаған затын орнына қоюды, өздігінен тамақтануды, қолын созып, талпынып алыстағы заттарды алуды үйрете бастаймыз. Бұл дегеніміз – баланың кішкентайынан өз бетімен қимыл жасап, еңбек етуге деген алғашқы талпыныстарын қалыптастыру. Менің пікірімше, бұл өмірде үлкен табысқа тек еңбекқор, қызметіне адал адамдар ғана жете алады.

Мен де ата-анамның бойыма сіңірген асыл қасиеттері мен алған білімімді іске асыру мақсатында осыдан он жыл бұрын алғаш рет еңбекке араласып бастаған болатынмын. Тұғыры биік Тасқала өңірінде туып өсем де, берекелі Бөрлі ауданында елге қызмет ету бұйырыпты.

2014 жылдың шілде айында «Есеп және аудит» мамандығын игеріп, дипломды болған мен мамандығым бойынша елге қызмет етемін деген тілек-арманымның жетегінде жұмыс іздей бастадым. Қазіргідей ғаламтор кең етек алмаған кезеңде, газет-журнал беттерін парақтап, өзіме қолайлы болады-ау деген жұмыстарды іздестіре бастадым. Әрине,

тәжірибесіз жас маманға өзі армандағандай қызметке бірден тұру оңай болмасы анық. Бірақ мен алған білімімді іске асыру, еңбекке үйрену және еліме адал қызмет ету мақсатында қандай жұмысты болса да шын ниетпен, керемет құлшыныспен жасауға дайын едім. Газет парақтай жүріп бірден көзім шалғаны – Бөрлі ауданының жұмыспен қамту орталығының хабарландыруы. Дәл менің мамандығым бойынша жұмысқа құлшынысы бар жастарды іздейді екен. Қызмет ету міндетім деген ұранмен арман айдап, Бөрлі өңіріне аяқ бастым. Бөрлі ауданы бойынша жұмыспен қамту орталығы салық басқармасына жолдама беріп, осылайша мемлекеттік қызметтегі еңбек жолым басталды.

Бөрлі ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының ұйымдастыру бөлімінде жетекші маман бола жүріп, тәжірибем мен талпынысым қазіргі таңдағы ең маңызды бөлімдердің бірегейі – салықтық әкімшілендіру бөлімінің бас маманы болып жұмыс істеуге дейін жетеледі. Осы салада қызмет жасай жүріп, тек қызмет бабында ғана емес, өмір жолыма да қажетті біраз тәжірибе жинақтадым. Жаны жайсаң адамдармен өмір жолымда үзеңгілес болып келе жатырмын және де еліміздің экономикасын, әлеуетін жақсарту мақсатында туған еліме қызмет етіп жүргенім – мен үшін үлкен мәртебе және мақтаныш.

Міне, биыл 2024 жылдың 14 тамызында ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитеті құрылғанына 10 жыл толғалы отыр. Менің де мемлекеттік кірістер органына аяқ басқаным 10 жыл толады. Осы 10 жыл ішінде қызметіммен бірге өстім, білікті маман болдым, ана атандым, есейдім десе де болады. Сондықтан, жасап жүрген қызметім – мен үшін өте ыстық әрі қастерлі.

Мамандық бір қарағанда жай нәрсе болып көрінуі мүмкін, бірақ ол бүкіл саналы ғұмырымыздың айнасы. Жүрек қалауыңмен таңдалған мамандық бойынша жұмыс істеу – өмір сүрудің материалдық қана емес, моралдық та көзі. Ол белгілі бір дайындық пен жауапкершілікті талап етсе де, өзің қалаған мамандық болған соң, оған аса үлкен шығармашылықпен бар ғұмырыңды арнайсың. Бас кезінде дұрыс таңдау жасалған болса, онда адам Кен Робинсон айтып жүрген «өз элементіне» ие бола

алады. Мен де Мемлекеттік кірістер органдарында қызметте жүріп, «өз элементіме» ие бола алдым деп айта аламын.

Өз ойымды қорыта айтар айтар болсам: «Барлық халық пен ұлт барлық ұлы және тамаша нәрселерді жасауға қабілетті, әрбір азамат өз ұлтын сүйеге міндетті».

Міне, менің өмірімде еңбекке араласып, адал болып, еліме қызмет етудегі жолым дәл осылай, дәл осы қызмет орнынан басталды. Бұл менің сүйікті қызмет жолым!





ИЗБАСАРОВА РАУШАН МУХТАРОВНА

Первый секретарь Посольства
Республики Казахстан в Китайской
Народной Республике

Моя дипломатическая карьера началась в ноябре 2014 года с командировки в Посольство Республики Казахстан в Республике Корея, где я проработала 4,5 года. В настоящее время я представляю Комитет государственных доходов Министерства финансов Республики Казахстан в Посольстве РК в Китайской Народной Республике.

Процесс оформления заграничной командировки сопровождается множеством эмоций и ожиданий. Пока не решены все организационные вопросы и не получен дипломатический паспорт, кажется, что работа за границей – это сплошное волнение и радость. Однако, когда все формальности улажены и вы приезжаете в другую страну, осознание того, что вы представляете свою страну, накладывает ответственность.

Адаптация в новой стране сложна, но она открывает новые горизонты и дает возможность лучше понять многогранность нашей профессии. Долгосрочная командировка позволяет не только погружаться в работу, но и исследовать страну пребывания.

Кроме выполнения задач в области таможи и налогообложения, наше представительство в КНР также занимается вопросами сельского хозяйства и других областей, что расширяет круг обязанностей.

Каждый рабочий день начинается с планирования, проверки почты и мониторинга новостей. Мы организуем встречи и активно поддерживаем контакты.

Работа в дипломатии – это не только возможность путешествовать, но и шанс внести личный вклад в развитие международных отношений, быть частью важного процесса и представлять свою страну на мировом уровне.



10 ЖЫЛ
**МЕМЛЕКЕТТІК
КІРІСТЕР
КОМИТЕТІНЕ**





ИСЛЯМОВА ЖАННА МУРАТОВНА

Руководитель отдела повышения
квалификации и профессиональной
подготовки

В 2019 году, после слияния двух отделов, был создан обновленный отдел повышения квалификации и профессиональной подготовки, состоящий из 8 сотрудников. Его главные задачи – организация семинаров и курсов по повышению квалификации для работников органов государственных доходов, подготовка новых сотрудников и методическая работа.

Отдел включает высококвалифицированных специалистов с обширным опытом в налоговой и таможенной сферах. В 2023 году он провел 35 национальных семинаров и вебинаров, охвативших 4251 участника, а также два курса подготовки для новичков с общим числом 306 слушателей. Это демонстрирует значительный объем работы, поскольку на каждого сотрудника отдела приходится обучение 570 коллег ежегодно.

Среди наших сотрудников – самый молодой профессор Казахстана, кандидат технических наук и магистр юридических наук, а также специалисты с международным опытом. В условиях быстрого развития цифровых технологий необходимо постоянно обновлять методы преподавания, поэтому тренеры регулярно повышают свою квалификацию через стажировки и курсы на национальном и международном уровнях.

Наши сотрудники проходили обучение в Пограничном колледже ОБСЕ в Душанбе, Пограничной академии Комитета национальной безопасности РК, а также участвовали в семинарах, организованных программами БОМКА, ОБСЕ, Посольством США и Казахстанской ассоциацией сохранения биоразнообразия.

Выпускники вузов с экономическим или юридическим образованием могут претендовать на вакансии в таможенных органах после прохождения конкурса. Эффективная работа требует освоения новых направлений и получения официальных сертификатов. Специалисты должны обладать знаниями в экономике, бухгалтерии, логистике, праве, а также умением работать с техническими устройствами для предотвращения угроз.

Наш преподавательский состав активно делится опытом с молодым поколением и разрабатывает курсы, соответствующие современным требованиям. Эти программы направлены на развитие необходимых профессиональных навыков, обеспечивая национальную и экономическую безопасность, защиту интересов страны и пополнение бюджета.



ВЯТЧИНА ГАЛИНА ВИКТОРОВНА

Департамент государственных
доходов по Западно-Казахстанской
области

Управление государственных
доходов по Бурлинскому району

Руководитель отдела по работе с
налогоплательщиками

В жизни каждого человека наступает момент принятия важных решений, которые окажут влияние на его будущее. Выбор профессии – один из них. Такой момент случился и в моей жизни после окончания школы. Тогда я поставила перед собой цель, что независимо от того, какая специальность будет выбрана в итоге, я освою ее досконально и, получив диплом, буду работать по профессии.

Мой выбор пал на специальность «Финансы, финансовый контроль и аудит». После окончания колледжа выбрала направление «Налоги», так как была уверена, что хочу связать жизнь с одной из важнейших сфер – сферой государственной службы.

Я работаю в Управлении государственных доходов по Бурлинскому району Западно-Казахстанской области в должности руководителя отдела по работе с налогоплательщиками.

Освоение профессии, на мой взгляд, процесс непрерывный. Требуется знание норм Налогового кодекса, законов, различных нормативных актов, постоянный мониторинг вносимых изменений. Кроме того, необходимы навыки работы с новыми программными продуктами, как того требует от нас внедрение цифровизации в сфере оказания

государственных услуг. Вклад коллег в мое становление бесценен. Благодаря отзывчивому коллективу, их профессионализму и поддержке мне было легко получать практические знания и осваивать нюансы работы. Я считаю важной составляющей преемственность поколений в нашей сфере, когда опытные работники передают свой опыт «новичкам»: направляют, обучают и, что особенно важно, передают навыки по налаживанию диалога с налогоплательщиками, чему точно не учат студентов в учебных заведениях.

Работа в органах государственных доходов – это большая ответственность, требующая от каждого специалиста разнообразных знаний во всех сферах.

Нашей основной задачей является пополнение доходной части бюджета страны, что имеет огромное значение для благополучной и комфортной жизни населения. Имея немалый опыт работы хочу отметить те изменения, которые происходят каждый год. Разрабатывается множество приложений и электронных сервисов для удобства налогоплательщиков, они позволяют упростить процесс начисления и уплаты налогов. На мой взгляд, главное преимущество – в их удобстве и доступности. Постоянная модернизация является необходимым условием адаптации под регулярно меняющиеся требования и запросы, как налогоплательщиков, так и времени. На сегодняшний день налоговый инспектор – это квалифицированный и грамотный специалист, который владеет как нормативной базой, так и всеми техническими средствами службы. Такую трансформацию требует время. А мы обязаны идти в ногу со временем.

Я очень довольна своим выбором, у меня нет сожалений. Я состоялась как специалист, но несмотря на это, продолжаю учиться своей профессии, чтобы достойно поддержать статус работника органов государственных доходов.



МУҚАШ БАТЫРБАЙ ӨМІРЗАҚҰЛЫ

Департамент государственных
доходов по Алматинской области

Главный специалист Юридического
управления

Моё призвание – защищать. С детства выстроилось личное видение о справедливости. Я искал и видел её везде. Будь то защита животных, помощь и поддержка окружающим.

Открывая для себя мир, законы, людей, я начал понимать и разбираться в мире юриспруденции. Со школьной скамьи я любил логические задачи, всемирную историю. Мне очень повезло с учителями. Со временем приходило понимание того, кем хочу быть и чем хочу заниматься – защищать обиженных, заступаться за них. Так собирался пазл под названием «юрист». Я поступил на юридический факультет.

На сегодняшний день уже имея определенный практический стаж, я могу утверждать, что профессия, накладывает большую ответственность и высокие требования.

Любая проблема – это зона роста, прогресса. Ведь я и мои коллеги должны быть очень хорошо подготовлены к каждому судебному процессу.

Моя стезя – это юриспруденция в налоговой сфере. Налоговый юрист – специалист в вопросах налогообложения. В органах

государственных доходов я получаю широкий практический опыт, который требует изучения налогового права на постоянной системной основе.

В ходе работы я непрерывно пополняю копилку знаний, познавая нюансы бухгалтерского и налогового учёта.

Я хочу приносить пользу своему народу, добросовестно выполняя свою работу, с честью и достоинством, которые должны быть присущи государственным служащим.

Я согласен с мнением, что лучше один раз показать, чем сто раз сказать, только своим примером мы можем обучать и поправлять новых сотрудников, подрастающее поколение, поддерживать имидж государственного служащего.

Мне нравится цитата Николаса Мюррэй Батлера: «Специалист – это тот, кто знает очень много об очень малом». Действительно, юриспруденция – бесконечная наука, где прячется тот самый клад – справедливость.

Я рад, что имею возможность реализоваться как профессионал в органах государственных доходов, где, по сути, каждый день обогащает мой практический опыт.

Напоследок хотелось бы пожелать всем специалистам, молодым и опытным, осознанного и добросовестного отношения к своему делу, к окружающим и, в первую очередь, к себе.



ДАЛАЖАНОВА САЛТАНАТ НҰРЛАНҚЫЗЫ

Департамент государственных
доходов по Восточно-
Казахстанской области

Главный специалист таможенного
поста «Оскемен-ЦТО»

Важно, чтобы работа приносила не только доход, но и удовольствие, превращая ее в источник вдохновения и удовлетворения.

В условиях современных реалий и довольно противоречивого отношения социума к государственным служащим, многие могут считать работу на таможне чрезмерно монотонной и утомительной. В свою очередь государственные служащие нередко сталкиваются даже с недоверием со стороны общества, критикой и враждебностью.

Несмотря на все сложившиеся стереотипы, для меня, сотрудника таможенного поста, это не просто профессия – это мое хобби. Каждый рабочий день для меня – это возможность проявить инициативу, обеспечить качественный результат в рамках вверенного функционала и неуклонно развиваться в своем направлении.

Одной из главных составляющих моей работы является любовь к тому, что я делаю. Я наслаждаюсь каждым процессом, вкладывая в него частичку своей души. Моя профессия стала неотъемлемой частью моей жизни, и я благодарна за возможность развиваться и достигать новых высот, занимаясь тем, что люблю.

Для меня таможенный пост не просто место работы, а настоящее призвание. Таможенные посты в Казахстане играют ключевую роль в обеспечении безопасности и контроле за перемещением товаров через границы. Они являются важным звеном в защите экономических интересов страны, предотвращая незаконную торговлю и контрабанду. Благодаря эффективной работе таможенных постов обеспечивается соблюдение таможенного законодательства и сохраняется экономическая стабильность Казахстана. Меня увлекает каждый аспект процесса таможенного контроля, от взаимодействия с декларантами и брокерами до проверки документов и грузов. Эта работа требует внимательности к деталям, аналитического мышления и профессионализма, и я рада тому, что могу применить все свои навыки и знания здесь, наращивать экспертность.

Иногда люди могут не понимать, как можно находить удовольствие в такой ответственной и часто стрессовой работе. Но для меня это именно то, что мотивирует меня каждый день. Возможность оказывать помощь и участвовать в обеспечении законности ввозимых и вывозимых товаров для нашей страны придает мне чувство гордости и выполненного долга.

На нашей службе я также нашла уникальные возможности для личного и профессионального развития. Регулярные тренинги, обучения и семинары помогают мне быть в курсе последних изменений в законодательстве и методах таможенного контроля. Я также самостоятельно активно изучаю новые технологии и методы работы, чтобы стать более эффективным и компетентным сотрудником.

Важным аспектом моей работы является также комфортная атмосфера в коллективе. Мы – как одна большая семья, где каждый ценится и уважаем. Мы поддерживаем друг друга, делимся опытом и знаниями, чтобы стать еще более профессиональными в своей деятельности. Этот дух сотрудничества и взаимопомощи делает нашу работу еще более приятной и продуктивной.

Да, несомненно, работа – это не единственное моё занятие. Как и большинство людей в современном мире мне хочется успеть познать

многое, уделить время спорту, интеллектуальным мероприятиям, единению с природой. Спорт и природа – это неразрывно связанные аспекты моей жизни, которые вдохновляют и сближают. Порой просто необходимо восхождение на гору или осуществить забег по лесной тропе, чтобы ощутить мощь природы и свою собственную силу. В то же время, интеллектуальные игры раскрывают тонкий мир стратегий и анализа, добавляя увлекательный пазл в мою жизнь.

Работа на таможне для меня – это не просто профессия, это мое призвание и хобби. Я ценю возможность быть частью команды и вносить свой вклад в развитие таможенной службы в Казахстане. Непрерывное обучение и развитие помогают мне расти профессионально и лично, и я уверена, что благодаря этому могу эффективно выполнять свои обязанности и достигать новых высот в своей карьере.



ПАРМАНОВА САУЛЕ МАЗТАЕВНА

Департамент государственных
доходов по г. Алматы

Управление государственных
доходов по Ауэзовскому району
г. Алматы

Главный специалист отдела
администрирования НДС в рамках
ЕАЭС

Хорошо помню, как в первый раз проходила собеседование, устраиваясь на работу в налоговые органы. В то время понятия не имела о работе налоговиков, но ответить было нужно. Запомнила вопрос, который мне задали при собеседовании: «Как вы представляете себе работу в налоговых органах?» Пока, конечно, не представляла, но ответила, что нужно дружить с налоговой. Все участники комиссии рассмеялись. Сейчас, по прошествии более 20 лет, я, конечно, поняла, что ответ был правильным.

